




**ТУРИСТЕР  
ҚАУІПСІЗДІГІ  
БАСТЫ  
ОРЫНДА**

6-бет



**ҚИЫС  
ЖОЛ**

8-бет



**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып,  
ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО  
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ  
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемид» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ**  
28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.

**Ал, іске сәт!**



# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№38 (3569) 26 мамыр 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА СЕРПІЛІС ЖОҚ



Еліміздегі ғылым мен жоғары білімнің жайы сын көтермейді. Бұл салаға жан бітіру мақсатында құрылған жаңа министрліктің немен айналысып отырғаны түсініксіз. Салаға саяси тұрғыдан да, қаржылық жағынан да қолдау жасалып отырғанына қарамастан Мемлекет басшысының берген тапсырмалары толыққанды орындалмай отыр. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен үкімет сағатында белгілі болды. Онда Ғылым және білім министрі Саясат Нұрбек саланың жұмысы жайлы есеп берген болатын.

(Соңы 3-бетте)

СҰХБАТ

**Ақмырза ТҰРСЫНБАЕВ,**  
жобалау компаниясының  
жетекшісі:

### «ТҰРҒЫНДАР СЫНЫ – МАҢЫЗДЫ СИГНАЛ»

– Ақмырза Садықұлы, мемлекеттік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін «Қазақстандағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» туралы заң өз міндетін атқара алды ма?

– Көп мәселелер әлі нақты шешімін таппай отырса да, өзге заңдар секілді бұл да даму барысында деуге болады. Сондықтан оны жетілдіруді тоқтатпай, еліміздегі сәулет-құрылыс саласындағы зерттеулерді қолдап, керек болса шетелдердің тәжірибесін зерттеп, енгізу қажет. Сәулет-құрылыс саласының дамуына айтарлықтай әсер еткен бұл заң жеке және заңды тұлғалар арасындағы қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады. Дегенмен, қоғамның ілгері дамуы мен құрылыс индустриясы алдымызға қоятын заманауи талаптар мен міндеттер оны кезеңді түрде жаңартып, үздіксіз жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

(Соңы 5-бетте)

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ - ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Өңірлік теңсіздік проблемасы бүкіл әлемде бар. Сондықтан да елімізде өңірлер арасындағы айырмашылықты қысқарту үшін «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жоба әзірленген. Жобаның басты мақсаты – республика тұрғындарының ең негізгі проблемаларын шешу.

Бұл жоба аясында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды кезекті жұмыс сапарында Бәйдібек ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде ауданның активімен көшпелі мәжіліс өткізді. Ауданның



дамуына кері әсерін тигізіп отырған кемшіліктер мен кедергілер бүкпесіз айтылып, аудан әкімі мен басқарма басшыларына тапсырмалар берілді.

– Жаңа форматта жұмыс істеуге көшу керек. Бюджеттің мүмкіндігіне ғана үміт артып отыра бермей, қолдан келетін тазалық, абаттандыру секілді мәселелерді шешуге болады. Ауданның даму жоспарын қайта қарап, басынан әзірлеуді тапсырамын. Бұл ретте әр ауданның ерекшелігі назарға алынып, басым бағыттары анықталуы керек. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен бірлесе отырып, барлық көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Кіріс көлемін арттыру, жұмыс орындарын көбейту, кәсіпорындар ашу аса маңызды. Ауданға жеке инвестицияларды тарту бойынша нақты жобалар ұсынып, даму бағыттары бойынша іздениңіздер. Біз қолдауға дайынбыз. Жаңа мүмкіндіктерді қарастыруға бет бұру қажет, – деді Дархан Сатыбалды.

Жиында Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Еркеғали Әлімқұлов ауданды дамыту жұмыстарын зерделеу нәтижесімен таныстырып, өзекті мәселелерді қозғады.

(Соңы 6-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

БАҒДАР

Ата Заңымыздың 17-бабында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік пен адамның жеке басын қорлайтындығы жөнінде жазалауға болмайтындығы көрсетілген. Алайда, елімізде соңғы уақытта күш-қайратының басымдығын пайдаланып, әйелі мен баласына зәбір көрсететіндер азаймай отыр.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА САЛҒЫРТ ҚАРАМАУ ҚАЖЕТ

Тіпті, БАҚ және әлеуметтік желі беттерінен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың соңы қайғылы жағдайға ұласқан оқиғаларды да жиі көзіміз шалатын болды. Бұған қазақы тәрбиемен сусындап өскен қазақ қыздарының отбасы берекесін ойлап, іштегі көздеріне сыртқа шығаруға асықпайтынын қосыңыз. Мұның соңы түптеп келгенде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа алып келуде. Дерек көздеріне сүйенетін болсақ, биыл отбасылық зорлық-зомбылық салдарынан 700-ге жуық қылмыс жасалып, әлімжеттік көрсетушілерге 35 мыңнан астам әкімшілік хаттама толтырылған екен.



Бүгінгі қоғамның дертіне айналған тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі Мемлекет басшысын да бейжай қалдырмады. Атап айтсақ, Президент бір сөзінде азаматтардың бәріне тең мүмкіндік беретін қоғам құру, соның ішінде әйелдер мен балалар құқығын қорғау басты міндет екенін атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында әйелдер мен балаларға кешенді қолдау көрсететін орталықтар жұмысын бастады. Онда психологиялық, құқықтық және медициналық көмек көрсетіледі.

Конституция, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс және т.б. нормативтік құқықтық актілер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі құқықтық негізді құрайды. Осы орайда, отбасы-тұрмыстық қатынастар – ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы бар адамдар арасындағы қатынастар болып табылса, тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз отбасы – тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті танылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрінде орын алуы

мүмкін. Тарқатып айтар болсақ, күш көрсету – дене күшін қолданып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру. Ал, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, қорқыту, қорлау, бопсалау немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту. Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру болып табылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларының қатарында әңгімелесу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органына жеткізу, қорғау нұсқамасы, әкімшілік ұстау, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу, әкімшілік жаза қолдану, ата-ана құқығынан айыру не оны шектеу, сот үкімі бойынша қолданылатын шаралар бар.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жазалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы негізінде қолданылады. Аталған бап көпшілікке отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер деген атпен таныс. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалға алуға әкеп соғады. Ал, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған осындай әрекет соңы он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалға алуға әкеледі.

Қорыта айтсақ, дана халқымыз қашанда дүниеге келген баласын байлық, бақытқа теңеп, ұрпағым жалғасты деп қуанған. Ал, әйелді отбасымыздың ұйытқысы, алтын қазығы деп қастерлей білген. Сондықтан, отбасы – шағын мемлекет десек, оның түтіні түзу шығып, шаңырағы шайқалмауы үшін тыныштықты қамтамасыз етіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне бей-жай қарамауымыз қажет.

**Лариса КЕНЖЕЕВА,**  
**Маңғыстау облысы**  
**кәмелетке толмағандардың**  
**істері жөніндегі**  
**мамандандырылған**  
**ауданаралық сотының судьясы**

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТЫ УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Сот актілерінің орындалуы елдің әділдікке, мемлекеттік биліктің пәрменділігіне, құзырлы органдардың қызметіне деген сенімін нығайтады.



**Дамир ШАХАНОВ,**  
**Алматы облысы**  
**атқарушылық округінің**  
**жеке сот орындаушысы**

Өкінішке қарай, соттың шешімін зарыға күтіп, өзіне тиесілі материалдық, моральдық шығынды қайтара алмай жүрген азаматтар баршылық. Ол аз десеңіз салықтан жалтарып, айыппұлдарын дер кезінде төлемейтін жандардың

да қатары жыл өткен сайын көбеймесе азаймай отыр. Ал салық – мемлекеттің қаржыландыру көзі. Салықты уақытылы төлеу арқылы елдегі әлеуметтік мәселелердің шешімін табуына, әлеуметтік аз қамтылған азаматтардың жәрдем-қақысын алуына мүмкіндік туады. Мұны көп адамның түсіне бермейтіні өкінішті.

Сот актілерін орындауды, төлемдердің дер кезінде құйылуын қамтамасыз етуді тек жеке сот орындаушылардың еңбегімен жолға қою мүмкін емес. Ол үшін ең әуелі халықтың жауаптылығын көтеру маңызды. Осыған орай жеке сот орындаушылар бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп азаматтардың сот актілерін орындау, айыппұлдарды уақытында төлеу дағдысын қалыптастыру бойынша мақалалар жариялап, түсіндірулер жүргізуді қолға алып келеді.

Сонымен қатар, жеке сот орындаушылар жұмысының пәрменділігін арттыру үшін өзге құзырлы органдармен бірлесіп рейдтер ұйымдастыру да үнемі басты на-

зарымызда. Алматы облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы, облыстық әділет департаменті, облыстық полиция департаменті, Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментімен бірге ұйымдастырған дөңгелек үстел, рейдтердің ықпалы айрықша. Осы шаралардың нәтижесінде алимент төлемдерін және мемлекет пайдасына ақша қаражаттарын өндіру туралы атқарушылық құжаттарын орындауға бағытталған өзара іс-қимылдар оң нәтижесін беретінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Әсіресе, рейдтік шаралар барысында жеке сот орындаушылар борышкерлердің мекенжайларына бару, атқарушылық құжатты орындаудан қашып, жалтаратын жүрген борышкерлерді іздестіру, жұмыс орнын анықтау, борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту, борышкерлердің жылжымалы мүліктері – автокөліктерін автотұраққа қою бойынша шараларды жүргізуде. Құзырлы органдардың бірлігімен ұйымдастырылған рейдтер уақытты ұтымды пайдалануға, мемлекеттік мекемелердің жұмысын жандандыруға айтарлықтай ықпалды.

ПӨРМЕН

БІР АЛИМЕНТТІҢ АРТЫНДА ТАЛАЙ ТАҒДЫР ТҰР

Алимент өндіру – қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік мәселенің бірі. Бүгінде республика көлемінде ажырасу көп, тиісінше алимент саны да жыл өткен сайын өсіп жатыр. Бір алименттің артында қанша тағдыр тұр. Жыл сайын Республикалық жеке сот орындаушылар палатасы өндірілмеген алимент істеріне байланысты деректерді шығарады. Оның ішінде мүлде орындалмай, қозғалыссыз жатқан істер де, ара-тұра алимент төлеп, берешегін жартылай қайтарғандар ісі де бар. Соған орай берешек көлемі бірде жоғарыласа, бірде төмендеп отырады.

Жеке сот орындаушылар қызметіне көңілі толмайтындар көбінесе осы алиментке байланысты қарыздың өсуін алға тартады. Рас, алимент төлемейтіндер бұрын да болған, қазір де жоғалып кеткен жоқ. Жеке сот орындаушылардан қашып, нақты табысын жасырып жүрген азаматтар барда бұл мәселе ешқашан шешілмейді. Өкінішке қарай, біздің елімізде баласының алдындағы жауаптылығын сезінбейтін жандар аз емес. Алимент төлемей жүргендердің арасында түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқандар да, денсаулығына байланысты ем алып жатқандар да баршылық. Олар берешегін қайтаруға қауқарсыз.

Қазіргі кезде өңірлерде тек алимент өндіруге маманданған сот

орындаушылар шоғырын қалыптастыруға қадам жасалуда. Мұның да өзіндік әсері барын, нәтижесі болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен бірге, жұмысын жолға қойған, өндірісіне түскен сот актілерін дер кезінде сапалы орындаған, азаматтардан шағым түспеген жеке сот орындаушылардың рейтингі түзіліп, көпшілікке ұсынылуда. Бұл бір жағынан өз ісін тиянақты, тыңғылықты, талапқа сай атқаратын мамандарды ынталандыруды, халыққа танытуды көзден, екіншіден, жеке сот орындаушыларға жауаптылық жүктей отырып берешекті дер кезінде өндіртудің төте жолы.

Жеке сот орындаушылар палатасы да, жеке сот орындаушылар-



**Х. БАЙЖАНОВ,**  
**Алматы облысы атқарушылық**  
**округінің жеке**  
**сот орындаушысы**

дың өзі де алимент өндіруге серпіні беретін жаңа тәсілдер енгізіп, тәжірибені жетілдіруге барынша тырысуда. Қалай болғанда да борышкердің санасына әсер етіп, алимент бойынша жүктелген жауаптылықты өз еркімен орындауына жол ашатын тетіктерді табу аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Біздің негізгі мақсатымыз – сот шығарған актіні дер кезінде орындау. Ал сот актісінің орындалуына ризашылығын білдірген әрбір адамның жүрекжарды лебізі, алғаусыз алғысы сенімімізді арттырып, ынталандыруға үлкен септігін тигізеді.

БІЛГЕН ЖӨН

Цицерон айтқандай: «Тарих – тағдыр тәрбиешісі». Соттағы мұрағат та сол сияқты. Ол болмаса адамзат өткенге көз жіберу, бүгінгіні түсіну, ертеңгі күнге жеке белгілеу мүмкіншілігіне ие бола алмас еді.

МҰРАҒАТ - ТҰНҒАН ТАРИХ



**Дана ҚАРЫБАЕВА,**  
**Зайсан аудандық сотының**  
**бас маманы**

Соттардағы мұрағат жұмысы сот іс жүргізуінің негізгі бөлігі болып табылады. Мұрағат – тарихи деректі құжаттар сақталатын алтын қазына. Соттағы мұрағатқа өндірісте аяқталған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер, материалдар тапсырылады. Сот мұрағатындағы құжат айналымының дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету, мұрағатта сақтауға құжаттарды іріктеу, оларды алу, есепке алу және пайдалану тәртібін сақтау соттың жұмысын қамтамасыз ететін мамандардың аса маңызды міндеті болып табылады. Жыл сайын сот мұрағатына аяқталған істер, журналдар мен нарядтар, есептік-ақпараттық құжаттар тапсырылады.

Мұрағат жұмысының басты бағыты істерді

есепке алу мен оларды беру. Судьялар мен сот мамандары мұрағат істерін қызмет бабында қолдануға құқылы. Мұрағатшы істерді, материалдарды сақтауға қажетті жағдайларды жасайды, сұрау хаттар бойынша мұрағат істерінен құжаттардың көшірмелерін береді, сот мұрағаты журналын және температураны, ылғалдылықты өлшеу құралының көрсеткіштерін есепке алу журналын жүргізеді.

Көрсетілген құжаттар мемлекеттік мұрағат мекемесіне тапсырылғанға дейін сот мұрағатында сақталады. Мұрағаттық құжаттарды мемлекеттік сақтауға дайындауға, жоюға, тасымалдауға, тапсыруға байланысты барлық жұмыстар ұйымның күшімен мекеме есебінен жүзеге асырылады.

Мұрағатқа тапсырылуға жататын қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер тиісінше қалыптастырылып және ресімделеді. Іске тіркелген барлық құжаттар тігілуге және нөмірленуге, олардың ішкі тізімдемелері және куәландыру парақтары жасалады. Іс жүргізу барысында аяқталған барлық қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер және материалдар мұрағатқа тапсырылады. Талаптар бұзылып, ұқыпсыз ресімделген сот істері

мен құжаттар мұрағатқа қабылданбайды.

Құжаттар (аяқталған сот істері, жалпы іс жүргізу құжаттары) соттарда уақытша сақталады. Құжаттарды уақытша сақтау мерзімі – құжаттарды нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімдерде жойылғанға дейін сақтау. Әрбір сот мұрағат паспортын жасайды. Сот мұрағатының төлқұжаты жыл сайын алдағы жылдың 1 қаңтарына дейін 2 данада жасалады, оның біреуі сот мұрағатында сақталады, екіншісі тиісті мемлекеттік мұрағатқа жіберіледі.

Құжаттарды қорғау үшін олар (мұрағаттық қораптарда, бумаларда және сол сияқтыларда) мұқият сақталады. Мұрағатта табиғи немесе жасанды жарық болуы мүмкін. Табиғи жарықтың терезе көздеріне жалюздер, қорғаныш сүзгілері, перделер немесе боялған әйнектерді қолдану арқылы шашыраңқы жарық ретінде түсірілуі керек. Жасанды жарықтандыру үшін беті жылтыр жабық плафондар ішінде жанатын шамдар қолданылады.

Сот мұрағатында қызмет ететін мамандардың жұмысы күрделі және қызықты, сот үшін бұл қызметтің рөлі маңызды.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА СЕРПІЛІС ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, жасалған баяндаманың денін бұл министрлік құрылғанға дейін атқарылған жұмыстар құрды. Жаңа министрлік тарапынан қандай жұмыс жасалғаны жайлы мардымды ешнәрсе айтылмады. Депутаттардың ғылым мен жоғары білімге қатысты көптеген сұрақтарының жауабы қарастырамыз немесе бұл мәселе өте қиын деген сияқты жаттандылықтан аспады. Тіпті, Президент берген тапсырмалардың нәтижесін орындамай жатқанына қатысты да министр мардымды уәж айта алмады. Ал, саланы дамытуға қатысты тың ұсыныстар, озық идеялар жайлы мүлде сөз қозғалмады десе де болады.

Жиында қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, палатаның әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағанбетовтің сөзінен түгінгеніміз, жалпы Мемлекет басшысы ғылым саласына ерекше қамқорлықпен қарап, оны дамытудың барлық мүмкіндіктерін жасап беріп отыр. Оларды жүзеге асыру үшін депутаттық корпус та қажетті заңнамаларды дер кезінде қабылдап, құқықтық базамен қамтамасыз етті. Ендігі қалғаны ұйымдастыру шаралары. Бір жыл ішінде әзірге тек ғалымдардың жалақысы ғана өсті. Ал қалған тапсырмалар орындалмай отыр. Соның бірі ғылыми ұйымдарды тікелей қаржыландыру. Депутаттық корпус заңнамаларды қабылдап, 2021 жылдың соңында қабылдаған талап бойынша құзырлы орын барлық нормативтік-құқықтық актілерді қабылдап, 2022 жылдың ортасынан бастап мыңнан астам ғылыми қызметкерге тікелей қаржы төлеуі керек еді. Өкінішке қарай, бүгінгі күнге дейін бұл тапсырма орындалмады. Ал, шын мәнінде бұл бүгінде ғалымдардың ғылыммен алаңсыз айналысып, тиімді нәтижеге жетуінің кепілдігі еді. Өйткені, 2011 жылдан бастап олардың жалақысы тек гранттық конкурсқа қатысып, онда да жобасына қаржы ұтып алуына тәуелді болып қалған еді. Бұл олардың ғылыммен айналыспай, күнкөріс қамымен басқа салаға кетуіне алып келді. Сондықтан Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылмай тұрған кезде жұмыс істеген құзырлы орын осы үрдісті тоқтатпау үшін ғылыми зерттеулерді тікелей қаржыландыру мәселесін көтерген екен. Президент дұрыс бастаманы қолдап, мәселенің оңынан шешілуіне ықпал етіпті. Соған сәйкес «Қазақ тілі», «Қазақстан тарихы» сынды іргелі ғылымдармен айналысатын ғалымдарымыз гранттық байқаулар-

ды күтіп отырмай, бюджеттен тікелей қаржы алатын болған. Алайда, ғылымға қатысты шаруаларды уақыт оздырмай, дер кезінде атқарады деп үміт артқан жаңа министрлік істі жүзеге асыруға асығар емес. Мәселені түсінбей отыр ма, әлде басқа себебі бар ма?



Бұл жөнінде айтылған ескертпеге қатысты министр еш уәж жасамады. Сол секілді жиында Аймағанбетов мырза еске салған ғалымдар көптен көтеріп жүрген ғылыми зерттеулерге берілетін гранттарды үш жылдан бес жылға созуға қатысты да министрдің мардымды жауабын ести алмадық. Асхат Аймағанбетов бұл тапсырманың орындалуы да ғалымдар үшін маңыздылығын атап көрсетті. Мысалы, археологиялық экспедиция қазба жұмысын үш жылдың ішінде бітіре алмайды. Сондықтан ғылыми, әсіресе, фундаменталды ғылыми зерттеулер үшін кемінде бес жыл керек. Қаржы да осынша жылға жеткізілуі керек. Кейбір мемлекеттерде мұндай жұмыстар он жылға созылады. Ал, біздің елімізде тіпті осы үш жылда бір өтетін конкурстар бойынша келісімшарттарға уақытында қол қойылмайды. Мысалы былтыр қараша айында тапсырылған жобалар бойынша бүгінге дейін мәміле жасалмай отыр. Ал, бұл ғалымдардың күнкөрісі мәселесі. Бұған қатысты да құзырлы орынның не ойлап отырғаны белгісіз. Үш жылда бір рет жарияланатын конкурстар мерзімін өзгерту де кезек күттірмейтін іс. Өйткені, конкурста жеңбесең тағы да оның өтетін уақытын үш жыл күтуге тура келеді. Бұл да айналып келгенде ғалымдардың ынтасын жоятын жағдай. Енді Президент тапсырмасымен ол конкурсты жыл сайын өткізу жайлы шешім қабылданды. Құзырлы орын бұл шараны жедел атқарса ғылым саласында тың серпіліс болары сөзсіз.

Жиында сөз алған ғалымдар, сарапшылар, депутаттардың айтуына қарағанда ғылым мен жоғары білім саласындағы атқарылмай қалған, шешімін күткен мәселе бұдан да көп. Мәселен, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаевтың сөзінен ғылым туралы бұған дейін де талай концепциялар, бағдарламалар даярланғанын, алайда ешқайсысы орындалмай қалғанын білдік. Мұның

себебі, олардың нақты жүзеге асыру тетіктері ойластырылмауынан екен. Күрішбаев мырзаның айтуынша, жалпы «іс тетігін кадр шешеді» деген қағида ғылымда, экономикада басты назарға алынуы керек. Қазір бізге заманауи кадрлар керек. Ал, оларды дайындаудың ең қысқа жолы – әлемдегі жетекші университеттердің оқу бағдарламаларына ауысу. Бұл үшін заманауи оқу инфрақұрылымын құру қажет. Оған Ғылым және жоғары оқу министрлігінің жанынан арнайы бюджеттік бағдарлама түзіліп, іске қосылуы тиіс. Яғни, жоғары оқу орындары бойынша дамыған елдер секілді базалық қаржыландыру жүйесі болу керек. Ашығын айтқанда, қаражаттың жоқтығынан елімізге келген жетекші шетелдік университеттер қайтып жатыр. Аграрлық университеттерді бір министрліктен екінші министрлікке ауыстырғанмен, мәселе шешілмейді. Дамыған елдер секілді университеттер ішінде ғылыми институт, тәжірибе станциялары құрылуы керек. Яғни, зертхана, аудитория, өндіріс бір жерде болу керек. Сонда біз қазіргідей кадрларды асфальтта емес, жерде, яғни ғылыми лабораторияларда дайындайтын боламыз.

Зерттеушілер альянсының төрағасы Әсия Ермұханбетова Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми әлеуетті арттыру мақсатында докторанттар үшін 5000 грант бөлінетіндігі жайлы шешімін сыға алды. Оның айтуынша, қазіргідей ғылыми жетекшілер жетіспейтін, инфрақұрылымның талапқа сай емес жағдайында бұл шара еш тиімділік бермейді. Осының салдарынан докторанттар Қазақстанда бастаған зерттеулерін жалғастыра алмайды. Қаржылай мүмкіндігі бар ізденушілер өздерінің зерттеулерін шетелдік коллаборативтер базасында жүргізіп жатыр. Олардың кейбірі амалсыздан шетелде қалуда. Сондықтан ғылыми лабораторияларды құрып, жабдықтау туралы шешім қабылдау керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы директорының міндетін атқарушы, ғалым Болат Кеңесовтың айтуынша, халықаралық журналдарға шыққан мақалалардың бес жылдағы индексі бойынша Қазақстан 83-тен 75-орынға көтерілді. Тіпті, ғалымдарымыздың осындай жарияланымдарының саны екі есеге артты. Бірақ жаһандық инновация индексіне Қазақстан 83-орын алады. Соған қарамастан еліміздегі жасалып жатқан жоспарлар мен қабылданып жатқан шешімдердің саны мен сапасы сын көтермейді. Бұл академиялық тазалық мәселесін алға шығарады. Бірқатар ғылыми салалар бойынша білім псевдо ғылыми журналдарда шығатын мақалалар саны көп. Ұлттық кеңестер ғылыми есептерді қарау барысында ондай жарияланымдарды есепке алмау керек. Осындай мәселелерді реттейтін ғылыми әдеп бойынша ұлттық кеңестер құратын кез әлдеқашан туған. Жалпы, соңғы он жылда жасалып, жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар мен жобаларға және олардың нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалу керек. Бұл қаржыны тиімді бөлуге мүмкіндік берер еді. Бәсекеге қабілетті ғалымсыз, әлемдік талапқа сай инфрақұрылымсыз озық қолданбалы зерттеу жасап, оны коммерцияландырудан үміттенбеу керек. Мұнсыз қаржы тиімсіз жұмсалып, жас кадрлар сыртқа кете беретін болады. Ғылыми инфрақұрылымға приборлар алу үшін, жалпы пайдаланылымдағы инфрақұрылымды дамыту үшін шетелдегідей ғылымға бөлінетін қаржыны 20-30 пайызға арттыру керек.

Ғылымға бөлінетін қаржының көлемін арттыру қажеттігін депутат Ерболат Саурықов та көтерді. Оның айтуынша, бұл салаға бөлінетін қаржы он жылдан астам уақыттан бері бұрынғыдан айтарлықтай өскен жоқ. Мәселен, 2010 жылмен салыстырғанда 2022 жылы шығындар көлемі небары 3,6 есеге ғана өскен. Отандық сарапшылардың пікірінше Қазақстандағы ғылымның ең үлкен мәселесі қаржыландырудың төмен болуында ғана емес, оның экономиканың нақты секторда сұранысқа ие болмауында да. Жыл сайын қаржыландырудың көлемі айтарлықтай өссе де біздің отандық ғылым еліміздің экономикасының дамуына айтарлықтай септігін тигізбей отыр. Осы жайлы айта келіп, Саурықов мырза аграрлық ғылым мен білімге қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Оның айтуынша, Қазақ қой шаруашылығы ғылыми зерттеу институты, Қазақ агроөнеркәсіп кешені экономикасы және ауылдық аймақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Агроинженериялық ғылыми орталығы үш жыл қатарынан қаржысыз қалды. Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндіру ғылыми зерттеу институты берілген төрт жобаның біреуін ғана ұтып

алды. Бұл үрдіс жалғаса беретін болса, ғылымда тұрақсыздық туып, мамандар басқа салаға кетіп, ғылыми зерттеулердің нәтижесі төмендеп кетуі мүмкін. Мұның соңы ғылымның беделін кемітуге алып келетіні анық. Сондықтан аграрлық және басқа да салалардағы барлық ғылыми-зерттеу институттарын Ғылым және жоғары білім министрлігіне қайта беріп, оларды қаржыландыру базалық және бағдарламалық түрде жүзеге асу керек. Еліміздегі үш аграрлық жоғары оқу орындарының жұмысы нәтижесіз. Мұны мамандардың жетіспеушілігінен және өндірісте сұранысқа ие болмауынан көруге болады. Олардағы студенттердің шәкіртақысы медициналық оқу орындарымен салыстырғанда 30 пайызға аз. Мұның өзі ауылдан келіп, ауылшаруашылығы мамандығына оқимын дейтіндердің ынтасын жояды.

Саланың біраз кемшілігін депутат Еділ Жаңбыршин да жіпке тізді. Ол да ғылымға бөлінетін қаржының дамыған елдерден әлдеқайда аздығын айтып, нақты мысал келтірді. Оның айтуынша, БҰҰ 2019 жылғы ақпаратқа сәйкес Әлем елдерінің 2013–2018 жылдардағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстарға кеткен шығынының рейтингісі бойынша 158 елдің ішінде Қазақстан 90-орында. Біз ғылымға жалпы ұлттық өнімнің 0,12 пайызын ғана жұмсайды екеніміз. Ал, Израильда бұл көрсеткіш 5 пайыз болса, 2021 жылы Қытай 62 млрд, АҚШ 598 млрд, Жапония 182 млрд АҚШ долларын жұмсапты. Қазақстан бар болғаны 190 млн АҚШ долларын бөлген. 2022 жылғы Жаһандық инновациялық индекс брейтвинг 132 елдің рейтингінде Қазақстан 82-орында тұр. «Инновацияның қалай жасалу керекін үйрену үшін мүмкін біздің басшыларды Мавриди мен Вьетнамға жіберу керек болар?» деп қынжылған ол отыз жылда ғылым академиясындағы жоғары мектептерді және министрліктің жанындағы салалық институттарды реформалаймыз деп бәрін құрдымға кетіріп алғанымызды ашына айтты. Оның пікірінше, бүгінгі күрделі жағдай сол қателіктердің салдары. Дегенмен, кейбір ғылыми ошақтар әлі бар. Еділ Терекбайұлы енді соларды жан-жақты қолдап, жандандыру қажеттігін мәлімдеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2060 жылға дейін қабылданған көміртекті даму стратегиясын жүзеге асыру үшін экономиканы түбегейлі трансформациялаудың қажет екенін айта келіп, бұл өз кезегінде жаңа ғылыми-технологиялық шешімдер арқылы жүзеге асатынын атап көрсетті. Осы ретте жаңалық жасаудың қажеті жоқтығын, әлемдегі ғылым, бизнес, технологияның озық әдістерін іске асырып отырған инновациялық орталықтармен әріптестік орнату қажеттігін ортаға салды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

## КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЙТСЕ ЖАҚСАРАДЫ?

«Су Ресурстары-Маркетинг» ЖШС кәсіпорны өзінің тұтынушылары үшін дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсат – қала әкімдігінің қолдауымен «Мүлік иелерінің бірлестігін», «Жай серіктестіктерді» құру, тиісті органдардың осы бағытта өзара әрекеттесуін, үйшілік инженерлік коммуникацияны ретке келтірудің тетіктерін қарастыру болатын.

Кездесуге аудан әкімдіктерінің, тұрғын үй инспекциясының, үй басқарушы компаниялар мен коммуналды қызмет түрлерін жеткізушілердің өкілдері шақырылды. Жиын барысында сөз алған «Су Ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің бас директоры Анарбек Орман Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы» туралы кеңейтілген отырыста айтқан: «Қоғамда тұрғын үй қорын басқару мәселесі белсенді талқыланды. Меншік иелерінің бірлестігі институтын енгізуге бағытталған реформа соңына дейін жеткізілген жоқ. Меншік иелерінің бірлестігімен қатар, пәтер иелерінің



кооперативтері де жұмыс істейді. Жалпы, біз осы мүлік иелері бірлестігінің реформасында өте қателестік. Бірақ қазір әкімдер Үкіметпен бірге бұл жағдайдан шығудың жолын табуы керек. Өйткені, жағдай өте маңызды. Жалпы, тексерілген инфрақұрылымдық саясат өте

қажет» деген сөзін алға тарта отырып, қаладағы көпқабатты үйлерде өзін-өзі басқару органдарының құрылуын қамтамасыз етуге назар аударды.

Шымкент қаласының көпқабатты тұрғын үй қорына қарасты 2343 үй бар екен. Бұл

үйлердің 1011-і 40-50 жыл бұрын салынған. Тиісінше, ішкі инженерлік инфрақұрылымы ескірген және қайта құруды, күрделі жөндеуді қажет етеді. Бұл, әсіресе, су және кәріз желілеріне, жөргізу желілеріне қатысты. Үйлердің ішкі жүйелерінің ескіруі, жылыту маусымына дер кезінде дайындалмауы салдарынан 2023 жылдың қаңтарында көпқабатты үй тұрғындары көп қиындықтарға тап болды. Мұндай жағдай алдағы қыс маусымында қайталанбас үшін аудан әкімдіктері осы бастан жұмыстар жүргізуі керек деген пікірлер жиынға қатысушыларды бір арнаға тоғыстырғандай болды.

Шымкент қаласы Әділет департаментінің мәліметінше, көпқабатты үйлердің тек 131-інде ғана «Мүлік иелерінің бірлестігі» бар екен. Бұл қаладағы барлық көпқабатты үйлердің 5,7 пайызын ғана құрайды. Дөңгелек үстелге қатысқан үй тәрәйымдары мен «Мүлік иелері бірлестігінің» жетекшілері болса, қолдаудың жоқтығын айтады. Тұрғын үй инспекциясы болса, көп оқшылықтарға тұрғындардың өзін кінәлайды.

Аудан әкімдіктері алдында коммуналды қызмет көрсетуші компаниялармен бірігіп істейтін үлкен жұмыс тұр. «Тұрғын үй қатынастары» жөніндегі заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қаладағы көпқабатты үйлерде 100 пайыз өзін басқару органдарын (ОСИ, ПТ) құрып, ішкі инженерлік желілерді ретке келтіруде келісімшартқа тұруы тиіс дейді мамандар. Сонда ғана қыс маусымына дайындық шарасы жүйеленіп, жұмыстардың да оңтайланатыны сөзсіз.

Сейтхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МИНБЕР

# СУДЬЯ ӘДЕБИ КӨПШІЛІК НАЗАРЫНДА



Осылайша судьялардың кәсіби қызмет нормаларын ұстанып, тұрмыстағы жүріс-тұрыс тәртібінің жаңа кезеңі басталды. Міне, содан бері зымырап жеті жылға жуық уақыт өткен екен. Заманның озығы бар, тозығы бар демекші, Әдеп кодексін де толықтыратын, судьялардың кісілік келбетіне қойылатын талаптарды да өзгертетін сәт туды. Бүгінгідей жаңа технология жетістіктері үздіксіз дамып, адами факторды заманауи үрдістер алмастырған заманда Әдеп кодексін жаңғырту қалыпты құбылыс.

Соңғы жылдары Әдеп кодексін заман талабына сәйкестендіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып, түрлі пікірталас ұйымдастырылды. Бұл маңызды шараның басы-қасында Судьялар одағының Орталық кеңесі мен Заң үстемдігі бастамашысы Американдық заңгерлер қауымдастығы (ABAROLI) тұр. Бүгінде көпшіліктің ұсыныс-тілектерін ескере отырып дайындалған кодекс жобасы сот корпусы үшін ең оңтайлы модель деген ойдамын.

Әдеп кодексі талаптарының сақталуы сот процесіне қатысушыларды ғана емес, судьяның өзін әдепке тәрбиелейді. Судьяның сөйлеу мәнеріне, көпшілік алдында өзін ұстау қабілетіне, тапқырлығына, адамдармен жылы қарым-қатынас орната білуіне, көпшілікпен тіл табысуына қарап азаматтардың сотқа деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан, судьялар өз әрекетімен сот беделіне әсер ететінін ұмытпағаны жөн.

Жұмыстың жауаптылығы судьяларға шексіз шектеулер жүктейтіні түсінікті. Әрине, судьяға азаматтар жеке тұлға дегеннен гөрі көпшілік адамы деп қарайды. Осы ретте судьяның қызметін отбасымен байланыстыру мәселесіне де мән берген жөн. Өйткені, қазір бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде «Судьяның туысы, судьяның отбасы» деген сөздерді алға шығарып, ақпарат тарату көбейіп кетті. Бұл парақша иесінің, сайттың танымалдығын арттырып, беделін көтеру керек. Алайда, өз жұмысына жауапты судьяны туыстарының теріс әрекетіне орай айыптау, қаралау, сөзге іліктіру артық. Бұл судьяны негізгі жұмысынан алыстатуға, іс қарауға кететін уақытын пайдасыз ақпаратқа арнауына түрткі болады. Осыған орай, жалпы қоғамда судьяға деген құрметті, судьяның жеке өміріне қатысты құпияны сақтау әдебін қалыптастыру артықтық етпейді.

Кодекстің жобасында соттан тыс қызметте судьяға азамат ретінде пікір білдіру, діни сенім бостандығы, жиналыстар мен қауымдастықтарға қатысу еркіндігіне кепілдік берілетіні көзделген. Бұл да зайырлы, құқықтық мемлекеттегі қажетті қадам.

**Айнұр САҒЫНДЫҚОВА,**  
**ҚР Судьялар одағының Түркістан облыстық филиалының Судья әдеби жөніндегі комиссия мүшесі**

Судья болу – мәртебелі қызмет, маңызды міндет. Мемлекет атынан төрелік ететін бұл лауазым иелеріне қойылатын талаптың жыл сайын күшейтілуі сондықтан. Судья болған сәттен үміткерлер халықтың адамы екенін, өзінің әр ісі, әрекеті тәуліктің 24 сағатында бақылауда болатынын түсінуі керек. Бұл судьяның қызметтегі бет-бейнесіне, процестегі қимыл-қозғалысына ғана емес, қоғамдық орындардағы, ел ішіндегі жүріс-тұрысына, өзін-өзі ұстауына ерекше мән берілетінін айғақтаса керек. Судья – ел азаматтары үлгі тұтатын, өнеге ететін тұлға. Сондықтан, оның жақсы істердің басында жүріп, оң бастамаларымен көзге ілінгені маңызды. Судьялардың Әдеп кодексі бұл тұрғыда әріптестерімізге негізгі бағдар міндетін атқарады.

Ең алғашқы Әдеп кодексі республика судьяларының VII съезінде қабылданғаны мәлім. Үлкен талқы, көптеген ұсыныс-пікірлер сұрыптала келе 2016 жылы қолданысқа енгізілген бұл құжат талай жыл судьяларға қалтқысыз қызмет етті. Кодексті дайындауда ел Конституциясынан бастап, «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» заңы, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», «Судьялар тәртібінің бангалорлық кодексінің» талаптары басшылыққа алынды.

Әдеп кодексінің қабылдануы – айтулы оқиға. Себебі, бұл қазылардың әдептен озбауына, қызметін заң мен ардың шеңберінен шықпай атқаруына себепші болды.

БАҒДАР

# ТАРАПТАР ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ

Талап қоюшы мен жауапкер азаматтық процесте тараптар болып табылады. Өздерінің бұзылған немесе даулы құқығы мен бостандығын, заңды мүддесін қорғап талап арызсын берген азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшы болып табылады. Ал өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкер болып табылады. Заңда көзделген жағдайларда, заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар да тараптар болуы мүмкін. Азаматтық процесте мемлекет тарап болуы мүмкін. Тараптар процестік құқықты тең иеленеді және олардың бірдей процестік міндеті болады.

Тараптардың құқығы: Тараптар іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және түсіруге; қарсылығын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақ қоюға; өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге құқылы. Сонымен бірге, сотқа ауызша және жазбаша түсініктеме беруге, сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге, іске қатысатын басқа да адамдардың өтінішхаттары мен дәлелдеріне қарсы болуға, сот жарысыздеріне қатысуға, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге, соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағым жасауға, Қазақстан Республикасының Азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында берілген басқа да процестік құқықтарды пайдалануға құқығы бар. Тараптар басқа адамдардың құқығын теріс

пайдаланбай, олардың мүддесін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процестік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге тиіс. Егер іске қатысатын тараптың есту, көру қабілеті бойынша мүгедектігі болып, сөйлеу қабілетінен толық айырылса осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген құқықты аудармашы көмегімен, сондай-ақ, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралды қолдана отырып пайдалануға құқылы. Тараптардың міндеті: Іске қатысатын адамдар істің нақтылы мән-жайы туралы сотқа толық мәлімдеуге, сөз сөйлеуге немесе сотқа екінші тарап растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға міндетті. Іске қатысатын адамдардың процестік міндеттерін орындамауы осы Азаматтық процестік кодексте көзделген процестік салдардың туындауына әкеп соғады. Бұдан бөлек, талап қоюшы талап қоюдың негізін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талабының мөлшерін көбейтуге не азайтуға немесе талап қоядан бас тартуға құқылы, ал жауапкер талап қоюды тануға құқылы. Тараптар істі осы Азаматтық процестік



**Гүлнұр БЕКЕЖАНОВА,**  
**Курчатов қалалық сотының судьясы**

кодекстің 169, 170, 171-баптарында және 17-тарауында көзделген қағидалар бойынша татуласу келісімімен немесе дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтай алады.

ПАЙЫМ

Қылмыстың өтеуі – жаза. Әрбір адам өзінің қиыс қадам, теріс әрекеті үшін жауаптылық болатынын түсінуі керек. Біздің зайырлы, құқықтық мемлекетіміздің бас құжаты – Конституцияда еліміздегі барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де сот үкімі шығарылмай қылмысқа кінәлі деп танылып, қылмыстық жазаға тартылмайды деп көрсетілген. Яғни, қылмыс үшін азаматтардың жауаптылыққа тартылып, жаза арқалайтыны қаншалықты заңды болса, қылмыс жасамаған азаматтың да кінәсіздік презумпциясына сай өзінің ақ-адал екенін дәлелдеуге мүмкіндігі бар. Бұл жерде елдің құқықтық сауаты, өзін-өзі қорғауы барынша ескерілуі керек.

# ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ - АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕП, ҚАТАРҒА ҚОСУ

Жаза дегенге көпшілік үреймен қарайды. Алайда, сот жаза тағайындағанда сотталушыны тұқыртуды, жазалауды көздемейді. Ақпен қараны салмақтап, бар мен жоқты таразы басына салған судья жаза белгілегенде кінәлі азаматтың өз қатесін түсіне отырып түзелуіне, қоғамнан өз орнын табуына, қатарға қосылуына басымдық береді. Жаза әлеуметтік әділетті қалпына келтіруге, заң бұзған адамдарды жаңа қылмыс жасаудан сақтандыруға бағытталады. Міне, сондықтан да жаза тағайындау – әрбір судья үшін сот процесіндегі ең күрделі, ең маңызды, әрі аса жауапты сәт. Сот жаза тағайындау барысында Конституция, Қылмыстық кодекспен түрлі заңдар мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын басшылыққа алады.

Қоғамда судья үкімімен белгіленген жазаның жоғары немесе төмендігі жиі талқыға салынып жатады. Өкініштісі сол, мұндай талқылауларға қатысатын азаматтар заңдағы жазаның шегін, тәртібін тексеріп жатпайды. Кейбір азаматтар дүрмекке еріп, жазаға қатысты жағымсыз көзқарастың қалыптасуына үлесін қосады. Ал жаза бірдей болуы мүмкін емес. Өйткені, Қылмыстық кодексте оның тәртібі жан-жақты дәйектелген. Осы баптарға назар аударғандар қиғаш пікір айтпаса керек.

Қылмыстық кодекске сай жаза белгілеуде қылмыстың сипаты мен қоғамға қатер төндіру дәрежесі, айыпкердің жеке басы, мінез-құлқы, жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Мұндайда судья айыптының қылмысты мойындағанын,

жасаған әрекеті үшін өкінгенін, қатесін түсінгенін, бұрын теріс әрекет жасамағанын, отбасылық жағдайын, қоғамда өзін-өзі қалай ұстағанын басшылыққа алады. Одан кейін барып қылмысты абайсызда, әдейі жасағанына, қасақана немесе қатігездікпен әрекет еткеніне, келтірілген шығын көлемін өтегеніне назар аударады. Бұдан бөлек, жазаның айыпты адамның түзелуіне және оның отбасы мен асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы да есепке алынады.

Қылмыс жасады деп танылған адамдарға тағайындалатын жаза: айыппұл салу; белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; әскери қызмет бойынша шектеу; бас бостандығын шектеу; қамау; тәртіптік әскери бөлімде ұстау; бас бостандығынан айыру сипатында болады. Осындай негізгі жазадан бөлек арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттарынан айыру, мүлкін тәркілеу секілді қосымша жазалар белгіленетіні де ескеруіміз керек.

Ең бастысы, азаматтар жаза алып, жауапты болғанша, ортақ тәртіпке бағынып, қылмыстан аулақ жүргені жөн. Өйткені, ардан аттау оңай болғанымен, арды сақтау, абыройды қалпына келтіру өте қиын.

**А.ТІЛЕПОВА,**  
**Жетісу аудандық №2 сотының судьясы**  
**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

САРАП

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ

Кез келген ұлттың тілі, жағдайы, әлеуметтегі өзгерісі сол ұлттың бұқаралық ақпарат құралдарынан көрініс табады. Қоғамның жан-жақты дамуымен бірге тілдің сөздік қоры, сонымен бірге құрамы да дами түсуде. Ауызша сөйлеу тіліне негізделген бұқаралық ақпарат құралдарының тіл дамуына тигізер әсері мен септігі зор. Себебі, тіл – тарихи құбылыс, ол әрбір кезеңде өзіндік сипатта қолданыс табады. Бұқаралық ақпаратта тіл мезгіл сайын өзгеріп, жаңыруға ұшырайды. Телехабар тілін, оның стильдік ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналууда. Еліміздегі телеарналардағы мемлекеттік тілдің үлесі қандай?

Мемлекеттік телеарналарда мемлекеттік тіл мәселесіне жете назар аударылады: «Қазақстан», «Мәдениет», «Балапан» арналарында мемлекеттік тілдің үлесі – 100%; Хабар – 77%; Қазақстан ұлттық телеарнасын еліміздің 98,63% қарайды.

Коммерциялық арналарда мемлекеттік тілдің қолданылуында мәселе көп. Алматы телеарнасындағы мемтілдің үлесі – 48%. КТК – 31%; 31 арна – 20%; Таң – 11%; НТК – 3,5% мемлекеттік тілде хабар таратады.

Ғалымдар әр отбасында теледидар күніне жеті сағатқа дейін қаралатынын анықтады. Демек, орта есеппен әрбір отбасы мүшесі күніне телехабарлар көруге 4 сағатын жұмсайды. Мәселен, «Ашық алаң» мемлекеттік тілде жүргізілетін бағдарлама. Мұнда журналистер арнайы дайындалып, мүдірмей, қазақ тілін жүйелі қолданады. Ал қонақтар мен қатысушылардың сөйлеу тілі ауызекі қарым-қатынасқа жақын. Негізгі заңды тұлғалар мен жоғары санатты мамандардың мемлекеттік тілді жүйелі, таза және анық сөйлеуі міндет деп ойлаймын. Тым болмаса, дайындалып, айтар ойды жинақтап сөйлеуге болады. Себебі, БАҚ – тек қана хабар таратушы емес, онда тілдің өзегі жатыр.

БАҚ – қоғамның айнасы, тілдің тұтастығын сақтайтын алаң. Ал қандай тілдің болмасын өміршеңдігі сол тілдегі ақпараттың көптігіне, оның жазба материалдарда сақталуына байланысты. Дегенмен, тілдің байлығымен мақтану бір бөлек те, сол бай тілді таза қалпында қолдану, тарату бір бөлек. Әйтпегенде, қазақ тілінің байлығымен мақтану, бос әңгіме болып қала бермек. Әрекет керек.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ**

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заңды жүйелі түрде талдау және жаңа талаптар мен технологияларға бейімдеу сәулет және құрылыс саласының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, заңның іс жүзінде орындалуына және оның тиімді қолданылуына айрықша назар аударған жөн. Заң оның ережелері қатаң түрде тиісті мемлекеттік органдар қадағалаған жағдайда ғана орындалады. Сондықтан құқық бұзушылықтың алдын алу және құрылыс сапасын қамтамасыз ету үшін құрылыс ұйымдарының қызметін қадағалау мен бақылау тетіктері әлі де күшейтуді қажет етеді. Оны іске асыру мәселесін қарастыру кезінде ескеретін маңызды аспект сәулет және құрылыс саласындағы ақпарат пен білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Азаматтардың құрылыс саласындағы құқықтары мен міндеттері туралы хабарын арттыру, сондай-ақ, осы саладағы мамандардың біліктілігін жетілдіру заңның тиімді орындалуына және құрылыс сапасын арттыруға ықпал етеді.

**– Адамның мекендейтін және тіршілік ететін толымды ортасын қалыптастыруға, елді мекендер мен қонысаралық аумақтарды тұрақты дамытудағы мәселелер неге өзектілігін жоймай отыр?**

– Елді мекендерді дамыту мәселесі көптеген елдердің алдында тұрған негізгі проблема. Атап айтқанда, дамыған инфрақұрылымды, қызмет көрсетуге қолжетімділікті, жасыл аймақтарды және демалыс орындарын қоса алғанда, адамдардың өмір сүруі үшін толыққанды қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ету маңызды.

Бұл мәселелерді шешуге кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі әртүрлі тараптардың мүдделерін үйлестірудің қиындығы. Елді мекендерді дамыту жобаларын әзірлеу және іске асыру мемлекеттік органдардың, муниципалитеттердің, инвесторлардың, тұрғындардың және басқа да мүдделі тараптардың ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы талап етеді. Консенсусқа қол жеткізу және компромистік шешімдерді табу әрқашан оңай бола бермейді, әсіресе, әртүрлі топтардың мүдделері сәйкес келмегенде.

Тағы бір фактор – шектеулі қаржылық ресурстар. Елді мекендерді дамыту жобаларын іске асыру әрқашан қолжетімді бола бермейтін немесе шектеулі болуы мүмкін елеулі инвестицияларды талап етеді. Бұл қажетті инфрақұрылымдық жұмыстарды жүргізуді, жаңа тұрғын үй кешендерін құруды және бұрыннан барын жөндеуді қиындатады мүмкін. Сондай-ақ, кейбір мәселелер елді мекендерді дамытудың нақты стратегиясының жоқтығына байланысты екенін атап өткен жөн. Дамудың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және мәдени аспектілерін ескеретін ұзақ мерзімді перспективалар мен жоспарлардың болуы маңызды. Мұндай стратегиялардың болмауы теңгерімсіз дамуға, ресурстардың дұрыс бөлінбеуіне және халықтың қажеттіліктері мен қалауларының жеткіліксіз ескерілуіне әкелуі мүмкін. Жақында талқылауға салынған Алматы қаласының ұзақ мерзімді даму жоспарының сынға алынып жатқандығы да осы мәселеден туындап отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін елді мекендерді дамытудың әртүрлі субъектілері арасындағы үйлестіруді және ынтымақтастықты қамтамасыз ететін тиімді мемлекеттік басқару тетіктерін құру қажет. Жобаларды жоспарлайтын және үйлестіретін, сондай-ақ, кешенді талдау негізінде және барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып шешім қабылдайтын ведомствоаралық комиссиялар мен органдар құру маңызды. Елді мекендерді дамыту жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне жұртшылықты тартуға назар аудару қажет. Кең ауқымды қоғамдық талқылау және тұрғындардың пікірлерін мен ұсыныстарын ескеру халықтың нақты қажеттіліктері мен қалауларын көрсететін жобаларды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл шешім қабылдау процесінің әділдігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Елді мекендерді дамыту жобаларын жүзеге асыру үшін инвестиция тартуға назар аударған жөн.

Бұл отандық және шетелдік инвесторларды тартуды, арнайы экономикалық аймақтарды немесе мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін құруды қамтуы мүмкін. Қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және қолайлы инвестициялық ортаны құру елді мекендерді дамыту жобаларын сәтті жүзеге асыруға ықпал етеді.

**– Адамның өмір сүру жағдайлары мен психикалық-физикалық жай-күйін айқындайтын сәулеттік-ландшафтық ортаға қатысты тұрғындар тарапынан айтылатын сын неге азаймай тұр?**

– Қала тұрғындарының сәулеттік-ландшафтық ортаға қатысты сыны түрлі себептерге байланысты. Соның бірі – бұл бағыттағы зерттеулер мен әзірлемелердің жоқтығы. Халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тартымды қалалық ортаны құру үшін жалпы немесе стандартты шешімдерді әзірлеу қажет.

**Ақмырза ТҰРСЫНБАЕВ,**  
жобалау компаниясының жетекшісі:



# «ТҰРҒЫНДАР СЫНЫ – МАҢЫЗДЫ СИГНАЛ»

Басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жобаларды өз бетінше қалдырмай, сәулеттік және ландшафтық орталарды қамтитын ортақ дизайн тұжырымдамасының болуы маңызды. Бұл салада сәулетшілер мен қала безендіру мамандарына, стандартты шешімдердің типологиясын басшылыққа алатын АҚШ сияқты елдердің тәжірибесінен үйренген абзал деп ойлаймын. Дегенмен, стандартты шешімдерден басқа, әрбір аймақтың өзіндік ерекшеліктерін және оның тұрғындарының қажеттіліктерін ескеру маңызды. Типологиялық шешімдерді қолданудағы икемділік және оларды жергілікті жағдайларға бейімдеу бірегей және жергілікті маңызы бар жобаларды жасауға мүмкіндік береді.

Сәулеттік-ландшафтық қауымдастыққа ортақ көзқарасты әзірлеу кезінде, сонымен қатар, уақыт өте келе қоғамдық бастамалар мен талаптардың өзгеруін ескеру қажет. Тұрғындардың сыны сәулетшілер мен қала шенеуніктерін қалалық ортаны үнемі жақсартуға және жақсартуға ынталандыратын маңызды сигнал. Сондықтан тұрғындар, сәулетшілер және қала билігі арасындағы кері байланыс пен өзара әрекеттестік маңызды рөл атқарады.

**– Құрылыс саласына Еурокод енгізілген соң қолданысқа енген жаңа конструкторлық, архитектуралық нормалар қызмет пен сапаға оң әсерін тигізе алды ма?**

– Еурокод – бұл әртүрлі типтегі құрылымдарды жобалауда қолданылатын Еуропалық нормалау комитеті

шаған ортаға әсер ету факторларын ескереді.

Қазақстанда Еурокодқа көшу мәселелері құрылыс саласын дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі. Еурокод қолданып жобалау мен құрылыс сапасын жақсартуға, сондай-ақ, техникалық қызмет көрсету мен құрылымдық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, Еурокодтарды енгізу барлық тараптардың жүйелі көзқарасы мен ұйымдасқан жұмысын талап етеді. Мамандарды даярлауды ғана емес, сонымен қатар стандарттарды сақтауды бақылау үшін тиісті инфрақұрылым мен реттеу тетіктерін құруды қамтамасыз ету қажет.

Жергілікті ерекшеліктер мен талаптарды ескере отырып, Еурокодқа ұлттық бейімдеуге әзірлеу маңызды мәселенің бірі болып табылады. Бұл халықаралық стандарттар мен Қазақстанның ерекшеліктері арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай бейімдеу ғылыми зерттеулерге, жергілікті мамандардың тәжірибесіне және жергілікті климаттық, сейсмикалық және геологиялық жағдайларды ескере отырып жасалуы керек.

**– Елімізде құрылыс саласына қатысты мамандар 40-қа жуық жоғары оқу орнында дайындалады екен. Бұл маман тапшылығын жоя алды ма?**

– Біздің елімізде құрылыс саласына мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының саны айтарлықтай және бұл құрылыс саласын дамыту

лаптар пайда болуда. Сондықтан университеттердегі оқу бағдарламаларының уақытылы жаңартылып, заман талабына, саладағы жаңалықтарға сай болуы маңызды. Сонымен қатар, университетте білім алу жас маманның кәсіби дамуының алғашқы қадамы ғана екенін атап өткен жөн. Оқуды бітіргеннен кейін практикалық дағдыларды меңгеру және алған білімдерін тәжірибеде қолдану үшін практикалық тәжірибе жинақтау, құрылыс ұйымдарында тәжірибеден өту қажет.

Құрылыс, сәулетші мамандығын бітірушілер саны көп болғанымен, еңбек нарығында білікті мамандардың тапшылығы байқалады. Бұл алған білімнің жұмыс берушілердің талаптарына толық сәйкес келмеуі, жас мамандардың жұмыс тәжірибесінің жоқтығы, сондай-ақ, кадрлардың республика аймақтары бойынша біркелкі бөлінбеуіне байланысты болуы мүмкін. Құрылыс саласында білікті мамандар тапшылығын жою үшін кешенді шараларды қолға алу қажет. Біріншіден, университеттердегі оқу бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін саланың заманауи талаптарына жақсырақ жауап беретіндей етіп жетілдіру маңызды. Бұған оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін енгізу, оқытудың практикалық құрамдас бөлігін күшейту, студенттердің өндірістік тәжірибесі мен практикасын қамтамасыз ету үшін құрылыс индустриясымен ынтымақтастықта болуы керек.

Екіншіден, құрылыс саласында университеттер мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты күшейту қажет. Бұған бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен кәсіптік бағдар беру шараларын ұйымдастыру, сондай-ақ, университеттер мен компаниялар арасында серіктестік орнату арқылы қол жеткізуге болады. Бұл студенттерге еңбек нарығының талаптарын түсінуге және нақты жұмыспен қамту перспективаларын көруге мүмкіндік береді.

**– Құрылыс нормаларында сейсмикалық қауіп 9 балдық аймақта 12 қабатты, 10 балдық аймақта 4 қабатты ғимарат салуға рұқсат беріледі. Онда техникалық шарт 9 және 6 қабатқа дейін ғана жасалады. Сонда одан жоғары қабатта тұратындардың қауіпсіздігіне ешкім кепілдік бермей ме?**

– Қазіргі таңда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес Алматы қаласында 12 қабаттан да аса ғимараттар салуға рұқсат бар.

Алайда Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығына сәйкес құрылыс салған кезде арнайы техникалық

шешімдерді және іс-шараларды талап ететін, сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан астам балл) аудандар үшін немесе өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық және геотехникалық) жағдайдағы биіктігі 12 қабаттан асатын (үстіңгі техникалық қабатты қоспағанда) тұрғын үй және көпфункционалды ғимараттар жауапкершілігі I (жоғары) деңгейдегі объектілерге жатады.

2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңының 64-4-бабына сәйкес тек мемлекеттік сараптамадан оң шешім алынғаннан кейін ғана салуға рұқсат. Осылайша, 9 және 10 категориялы аймақтардағы жоғары ғимараттардың қауіпсіздігі техникалық үйлестіру және жобалардың сейсмикалық талаптарға сәйкестігін қатаң бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. Кепілдендірілген қауіпсіздік үшін жауапкершілік құрылысты техникалық жобалауды және бақылауды жүзеге асыратын құзыретті ұйымдарға жүктеледі.

**– Жер сілкінісі орын алған жағдайда нысандардың нормаға сәйкессіздігі бойынша оған жауапты мемлекеттік органдар мен құрылыс компанияларын жауапқа тарту мүмкіндігі қандай?**

– Қазақстанда сәулет-құрылыс қызметі саласындағы заңнама ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды көздейді. Құрылыс ба-рысында осы талаптардың сақталуын мемлекеттік органдар қадағалайды. Егер жер сілкінісі нәтижесінде ғимараттың белгіленген қауіпсіздік нормалары мен басқа да техникалық нормаларға сәйкес келмейтіні анықталса, онда жауапкершілік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға да, жобалау мен салуға жауапты құрылыс ұйымдарына да қолданылуы мүмкін. Дегенмен, жауапкершілікті белгілеу үшін жобаның сапасын бағалауды, құрылысты бақылауды және орындалған жұмыстарды талдауды қамтитын тиісті сараптама қажет. Сондай-ақ, белгіленген стандарттар мен нормаларды бұзу фактілерінің болуы маңызды.

Мемлекет өзінің қадағалау органдары арқылы құрылыс процесінің барлық кезеңдерінде ғимараттардың сейсмикалық талаптарға сәйкестігін жүйелі түрде қадағалап, тексеруі қажет. Сонымен қатар, құрылыс жұмыстарының кәсіби деңгейі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін құрылыс компаниялары мен мамандарын лицензиялау және сертификаттау жүйесін дамыту кезек күттірмейді. Объектінің белгіленген қауіпсіздік стандарттары мен нормаларына сәйкес келмейтін жағдай туындай қалса, зардап шеккен тараптар залалды өтеуге және өтеуге жауапты тұлғалар мен ұйымдарды тарту туралы талаппен сотқа жүгіне алады. Дегенмен, құрылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нормаларына сәйкес келмейтін жағдай туындай қалса, зардап шеккен тараптар залалды өтеуге және өтеуге жауапты тұлғалар мен ұйымдарды тарту туралы талаппен сотқа жүгіне алады. Дегенмен, құрылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілері де жауапты екенін айта кеткен жөн. Олар сенімді және білікті құрылыс компанияларын таңдап, жоба мен құрылыс жұмыстарының орындалуын қадағалап, қажетті нормалар мен талаптарды сақтауы керек.

Ғимаратта ақаулар немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда сараптама жүргізіп, жауапкершілікті белгілеу үшін құзырлы мемлекеттік органдарға хабарласу маңызды. Соттар істі қарап, келтірілген зиянды өтеу, кінәлі тұлғаларды жазалау және болашақта осындай жағдайларды болдырмау шараларын қолдану туралы шешім қабылдай алады.

Ақырында, қоғамдық сана мен сейсмикалық қауіпсіздіктің маңыздылығын түсіну де қажет. Қоғам бақылау және қадағалау процестеріне белсенді түрде қатысуы, олардың құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болуы, бұзушылықтар мен ықпалды қауіптер туралы хабарлауға дайын болуы керек. Осы шаралардың барлығы бірігіп мемлекеттік органдар мен құрылыс компанияларының жер сілкінісі кезінде ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жауапкершілігін арттыруға және осындай оқиғалардың ықпал салдарын азайтуға ықпал етеді.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

*Дамудың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және мәдени аспектілерін ескеретін ұзақ мерзімді перспективалар мен жоспарлардың болуы маңызды. Мұндай стратегиялардың болмауы теңгерімсіз дамуға, ресурстардың дұрыс бөлінбеуіне және халықтың қажеттіліктері мен қалауларының жеткіліксіз ескерілуіне әкелуі мүмкін.*

(СЕН) әзірлеген стандарттардың бірыңғай жиынтығы. Еурокод енгізудің негізгі мақсаттарының бірі бүкіл Еуропада бірыңғай стандарттар мен дизайн талаптарын қамтамасыз ету болды, сол қауымдастыққа енді Қазақстан да мүше. Бұл жобалау және құрылыс процесінде бірлік пен жүйелілікті арттыруға, техникалық реттеу процедураларын жеңілдетуге әкеледі. Еурокодтарды қолданудың маңызды артықшылығы олардың ғылыми негізі мен өзектілігінде. Еуропалық стандарттар құрылыс саласындағы көпжылдық зерттеулердің, тәжірибенің және озық технологиялардың нәтижесіне негізделген. Олар құрылымдардың қауіпсіздігі, сенімділігі, тұрақтылығы және қор-

ушы қажетті кадрлық ресурстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл мамандар еңбек нарығындағы тапшылықты жоя алды ма, соны әлі де тереңірек қарастыру қажет. Жоғары оқу орындары құрылыс саласы серпінді және жан-жақты, ал мамандарға қойылатын талаптар үнемі өзгеріп, күрделене түсетінін ескеру қажет. Құрылыс саласы бойынша оқу бітірген жас мамандардың алдында тұратын алғашқы қиындықтың бірі – алған білімдері мен дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуі. Құрылыс индустриясы үнемі жетілдірілу үстінде, технологиялар, материалдар мен ғимараттардың энергия тиімділігі мен экологиялық тазалығына қойылатын жаңа та-

АЙМАҚ

Жақында суға түсу маусымы басталады. Каспий теңізінде жүзіп, тынығу үшін әлемнің әр бұрышынан Маңғыстау облысына туристер ағылады. Осы орайда Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасы жанындағы Сауда және туризм салалық кеңесінде суға түсу маусымында туристердің қауіпсіздігін сақтау жайлы мәселе қозғалды.

ТУРИСТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ ОРЫНДА



Салалық кеңестің төрағасы Сергей Ворожейкин «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» Төтенше жағдайлар министрі бұйрығының жобасын қайта қарау қажет екенін атап өтті. «Қауіпсіздікке полиция, медицина, төтенше жағдай бөлімі тұтастай жауапты. Демалыс базаларында полиция мен медициналық стационарлық бекеттер орнату қажет. Өрт сөндіру депосы керек. Өйткені, демалыс базалары ауданында бірде-бір өрт сөндіру депосы жоқ. Өткен жылы тұрғындардан келіп түскен қоңырауларға жедел ден қою кезінде демалыс базалары ауданында стационарлық полиция бекетін ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Судағы оқиғалар кезінде халық қайда жүгінерін білмейді. Белсенді ақпараттандыру немесе үйлестіру орталығын ұйымдастыру қажет», – дейді С.Ворожейкин.



Маңғыстау облысындағы туризм қауымдастығының басшысы Тимур Әбдікәрімов: «ТЖ қызметкерлерімен жағалауды патрульдеу қауіпсіздікке айтарлықтай көмектеседі, бірақ оның кестесі, басталу және аяқталу уақыты және патрульденетін учаскелер туралы ақпарат жоқ. Суда жүзуге құқықтары жоқ көлік құралдарын қалай басқарамыз? Скүтерлермен жаппай кәсіп жүргізетіндер бар. Онымен қалай күресуге болады? Жауапкершілік жайлы түсіндіретін ақпараттық бейнероликтер мен фотолар қажет. Бұдан әрі 12 жасқа дейінгі балалар теңізде ересектердің бақылауында болуы керек», – деп атап өтті. Маңғыстау облысы бойынша ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Райымбек Тұманғалиевтің айтуынша, барлық ақпарат құралдары арқылы

демалыс базаларының иелерімен тұрақты негізде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Шомылу маусымында кезекшілікті ТЖД мен жергілікті полиция қызметкерлері бірлесіп күн сайын тыйым салынған және қауіпті учаскелерде жүргізеді. Қала бойынша 2 тыйым салынған учаске бар. Олар Тарас Шевченко ескерткіші маңы мен Шора каналы. Онда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

«Турист» ЖШС директоры Евгения Слюсарева туристердің қауіпсіздігіне тек суда ғана емес, сонымен қатар өңірді аралап жүріп

жоғалатын туристерге де назар аударуды сұрады. Олардың қоңырауларына жауап беру керек. Бұл негізінен карталарсыз, ешкімге белгісіз, өз бетінше саяхаттайтын шетелдік туристерге қатысты. Басқосуда туристерге алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мамандардың біліктілігі туралы сұрақ та қойылды. Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бибизада Дүйсенбаеваның айтуынша, туристерге ақылы негізде медициналық көмек бар екендігін айтты.

Кеңесте кәсіпкерлердің санитарлық-гигиеналық жүйе, Қаракөл көлінің мәселесі, көліктік бақылау инспекциясының судағы қауіпсіздік техникасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы түрлі мәселелер қозғалды.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ - ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Деректерді сөйлетіп, жұмысты ширату жөнінде ұсыныстар жасады.

Ауданда Мемлекет басшысының индустрияландыру саясатын іске асыру мақсатындағы жұмыс ойдағыдай емес. Мәселен, өткен жылы облыстың индустрияландыру картасын өзектендіру үшін кемінде екі инвестициялық жоба ұсыну міндеттелген. Бұл тапсырма да орындалмаған. Осыған байланысты облыс әкімі тарапынан ауданда инвестиция тарту жұмыстарын күшейту үшін кемінде 20 инвестициялық жобаны ұсыну жөнінде тапсырма берілді.

– Жаңа жұмыс орындарын ашу – аудан әкімі жұмысының басты көрсеткіштерінің бірі. Оның ішінде жастардың арасында жұмыссыздықты жоюға ерекше көңіл бөлу қажет. Жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыс», «Тұрақты жұмыс», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Алғашқы жұмыс орны», «Дипломмен – ауылға» бағдарламаларын елге түсіндіріп, игілігін көрсету керек, – деген өңір басшысы «Ауыл аманаты» жобасын да сапалы атқару керектігін ескертті.

Жиында аудан әкімі Ержігіт

Шәріпбековтің атқарған жұмыстары жөніндегі есебі тыңдалды. Оның айтуынша, былтыр ауданда 55,8 млрд теңгенің жалпы өңірлік өнімі өндіріліп, алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,7 млрд теңгеге артқан. 2023 жылы 11 жобаны іске қосу жоспарланған. Оның ішінде агроөнеркәсіп бағытында – 6 жоба, қайта өңдеу мен кәсіпкерлік саласы бойынша 2 жоба, туризм бойынша қызмет көрсету орындарында – 3 жоба.

Дархан Сатыбалды жұмыс сапарында Бәйдібек аудандық орталық ауруханасына орнатылған компьютерлік томография қондырғысын көрді. Жаңадан ашылған инсульт орталығының жұмысымен танысты. Supria 128 «FUJIFILM Corp» құрылғысы жергілікті бюджеттен қаржыландырылған. Денсаулық сақтау саласындағы жұмысты да жандандыру керектігін айтқан өңір басшысы жауаптыларға өз міндеттерін адал әрі сапалы атқару, Бәйдібек ауданындағы күрделі мәселелерді шешу, тұрғындармен тығыз байланыста болу жөніндегі жұмыстарды істеу, елдің өтіншілері заңға сай орындау жөнінде тапсырма берді.

Раушан НАРБЕК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚАРҚЫНЫ ТӨМЕН



Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының талдау орталығы сақтандыру нарығына алғашқы тоқсандағы шолуын жариялады. Ондағы негізгі тенденцияларды атаған кезде сақтандыру компа-

нияларының (СК) бірінші тоқсандағы нәтижелері бойынша есептілігі алғаш рет «Сақтандыру шарттары» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (ХҚЕС) 17 талабына сәйкес дайындалғанын атап өткен жөн.

Биыл сақтандыру нарығы да айтарлықтай бәсекеге қабілетті болып қалуда (Герфиндаль-Хиршман индексі – 0,1). Бұл ретте сектор активтерінің 67,0% нарықтың негізгі 26 ойыншысының алтауына тиесілі. Сондай-ақ, 2023–2024 жылдары саланы цифрландыру атап өткен жөн. (иншуртех, рагтех) есебінен сақтандыру сыйлықақылары көлемінің одан әрі өсуі, ал төлемдер сақталып отырған жоғары инфляция эндо және экзогендік тәуекелдерді іске асыру аясында да ұлғаюы мүмкін.

Егер кезеңнің қорытындыларына көз жүгіртер болсақ экономикалық өсуден (4,9%) және жоғары инфляциядан (16,8%) барлық сақтандыру секторының барлық негізгі көрсеткіштерінің ұлғаюы өткен жылдың төмен базасымен (қаңтар оқиғалары) және оларды қалыптастыру әдістемесінің өзгеруімен (ХҚЕС-ке көшу 17) байланысты болуы мүмкін. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі СК сақтандыру өнімдерін әртараптандыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатқанына қарамастан, сақтандыру сыйлықақыларының 67,5% және сақтандыру төлемдерінің 70,3% бұрынғысынша мүлкті, автокөлікті және автокөлік иелерінің АҚЖ сақтандыру, өмірді сақтандыру және зейнетақы аннуитеті бойынша сыйақыларға тиесілі.

Ұлттық статистика бюросы мәліметтері бойынша, биыл тіркелген автомобильдер саны 71,5% өсті, ал тұрғын үйді сатып алу-сату

мәмілелерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есе төмендеді. Автокөлікпен байланысты сақтандыру сыйлықақыларының өсуі сандық болып табылады деп болжауға болады. Мүлкті сақтандыру бойынша сыйақылар тұрғын үй бағасының өсуі есебінен өскен болуы мүмкін (2022 жылғы наурызға қарағанда, 2023 жылғы наурыздағы жаңа тұрғын үйге 9,3%).

2023 жылғы I тоқсандағы сақтандыру төлемдерінің көлемі негізінен сақтандыру жағдайлары санының ұлғаюуы есебінен өсті (+35,4%), ал орташа сақтандыру төлемінің сомасы іс жүзінде өзгерген жоқ; 2022 жылғы I тоқсандағы 185,9 мың теңгеге қарағанда 188,0 млн.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының талдауына қарағанда Қазақстанда әлі де «сақтандырылмау» байқалады. Еліміздің барлық еңбекке қабілетті халқы қандай да бір жолмен сақтандырумен қамтылғанына қарамастан, сақтандыру қызметтерінің енуі төмен деңгейде қалып отыр. 2023 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша СК активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 2,17% болды. Бұл АҚШ-та 58,7%, Бразилияда 17,2%, Түркияда 5,7%. Ал сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы – 0,79% құрады. Әлем бойынша орташа көрсеткіш 2,9%.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ТЕҢДІК ТАБИҒИ ЗАҢДЫЛЫҚҚА КЕЛМЕУІ ТИІС

Феминизм деп танылған қозғалыстың дүмпіуін әр уақыттары тарих сахнасынан көріп жүрсіздер. Бұл жалпы әлемнің көзқарасын айшықтайтындай. Қанша жерден түрлі өркениетке қадам бастық дегенімізбен, әйелдерге қарсы пікірдегі ерлер қауымының басымдығы көптеп байқалады. Біріккен Ұлттар ұйымының мәліметінше қазірде 1,3 млрд әйел зорлық-зомбылыққа ұшырауда. Әрбір үшінші әйел өмірінде тұрмыстық және жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болады екен. Біздің көрсеткіш те көңіл көншітпейді. Елімізде бес жыл ішінде әйелдерге қарсы жасалған қылмыстар 153 пайызға өскен. Отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық 2,3 есеге көбейген.

Дейтұрғанмен, мемлекетіміздегі гендерлік саясат жоқтың қасы деп баға беруге болмайды. Әлем елдері арасында әйел теңдігін қорғау бойынша Қазақстан 65-ші орынға жайғасқан. Мүмкін мақтанарлықтай жағдай немесе керісінше. Осы тұрғыда қоғамымыздың басты көрсеткіші болып табылатын – жұмыспен қамту бағыты бойынша сандарды сөйлетіп көрсек. Қазақстандық 59 әйел саяси маңызы бар жоғары лауазымдарда қызмет етеді екен. Шағын және орта бизнес саласында 50 пайыздан астамы әйел адамдар. 30 пайыз кәсіпорындардың басшылары да нәзік жандылар. Тіпті, мемлекеттік қызметте ерлерге қарағанда әйелдердің үлесі басым, 55 пайыз. Еңбек нарығында жалпы саны 4,5 млн әйел қызметкерлер бар. Бұл жалпы жұмысшылардың 48 пайызын құрап отыр. Шамамен есеп тең. Көпшілік көңіліне «Жай ғана статистика үшін жазылған сандар» деген күдік орнатпайық деген мақсатта сала-сала бөліп айтуды жөн көрдік. Білім беру саласында – 851 мың, сауда және бизнес саласында – 828 мың, ауыл шаруашылығы саласында – 451 мың, денсаулық, құқық және әлеуметтік қызмет көрсету саласында 401 мың әйел еңбек етеді екен.

Қоғам белсенділері әйел теңдігін қорғау үшін, яки оны насихаттау үшін медиа кеңістігін пайдаланғанымыз ләзім деген пікір білдіріп отыр. Тұрмыстық деңгейдегі екінші адам

ретінде сомдалатын кейіпкерлерден гөрі әйел адамның жетістікке толы жолынан сыр шертетін туындыларды көптеп түсіруіміз қажет екенін айтады. Және бұл қазіргі біздің режиссерларымыздың басты ұстанымына да айналып отыр. Осы тұрғысында қырағы көрерменнің көңілінен шыққан бірнеше туындыға тұтынушы ретінде талдау жасайық. Шығармашылық жолын «Назар аудар, Орал» атымен бастаған жайдарманшы жігіттер 2023 жылдың басында «Маған назар аудар» кино картинасын көпшілік назарына ұсынды. Түс көру арқылы бақытын іздеген басты кейіпкердің жары ұй шаруасындағы елеусіз жан ретінде сомдалады. Ал оның күйеуінің өз өміріне шағымы көп, ол әйелін тек үй жинаушы, аспаз, бала туушы құрал ретінде бағалайды. Көрерменнің көңілін түсіретін де осы жайт. Дегенмен, туынды соңында режиссер шешімімен басты кейіпкер өз қателігін сезініп, түрлі сценарийлік мәселелер арқылы отбасы құндылығы тереңнен насихатталды. Көрермен ойына әйелдің де өз пікірі мен қалауы бар екені, оны тек тұрмыстық қалыпта қабылдамау керектігін үндейді.

Белгілі әзілкеш Жақан Отарғалиевтің де «Джохан 2» шығармасы бұқараның ыстық ықыласына ие болған туындылардың қатарында. Кинода түрлі жолмен ақша табуды кәсіп еткен топтың жетекшісі өз

әйелінің қолынан ештеңе келмейтіндігіне сенімді болады. Алайда заңсыз құжаттарды сақтап отырған жағымсыз типаждың қылмысын әшкерелеуде әлгі әйелі үлкен рөл атқарады. Осылайша маңызды кезеңдерде әйелдердің ерлер қауымымен иық тіресіп бірге іс қыла алатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, басты кейіпкердің қызына деген ерекше әкелік мейірімі де көрерменнің жүрек тебіренісін тудыра алды. Бұл да теңдік тұрғысында оң насихат жасады деп баға беруге болатындай.

«Хотя бы кинода 2» шығармасы да жоғары кассаларды жинап отырған туындылардың бірі. Басты рөлді сомдаған Қайрат Әділгерейдің шығармадағы әйелінің образы арқылы қазақ әйелдерінің бет-бейнесі айшықталғандай. Күйеуінің абақтыға қамалған уақытында отбасына ұйытқы болған әйел мен оның енесі азғантай картинада көрініс алды. Ері үшін шекара асып, қажет кезінде ерлермен қатар қоян-қолтық ұрыс жүргізгенін де көрдік. Бұның барлығы тұтынушының бейсаналы жадына теңдік жайлы ой салары сөзсіз.

Алайда, таяқтың екі ұшы барын да ұмытпағанымыз абзал. Теңдік туралы сөз еткенде ұлттық құндылықтарымыз туралы да, қоғамдық-әлеуметтік әлеует жайында да қоса айтқанымыз дұрыс болар. Табиғатынан әйел адамның орнын отбасының қасында, ерді түздің адамы ретінде таныған дана халқымыздың түсінігін де еске салайық. Әйел адамның қоғамдық белсенділігі үдеген сайын әлеуметтік мәселелер көбейгенін көрсетті. Мәселен, қазірде еңбек нарығында 4 млн тууға жарамды әйелдер бар. Бұл дегеніміз халықтың өсу көрсеткішіне тікелей әсер ететін жайт. Теңдік тұрасында кері пікір айтудан аулақпыз, әркімнің өз азаматтық ойы бар.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БИТІМ

Отбасын құрған екі адамның бір-біріне ғана емес, ұрпағы, ата-аналары және мемлекеттің алдында үлкен жауапкершілігі бар. Алайда, қоғамымызда осы жауапкершілікке жеңіл қарайтын дәр аз емес. Соның салдарынан екі ортада балалар зардап шегуде. Отбасылық кикілжіңнің соңы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен аяқталатыны ащы шындық. Бұл тұрғыда көбіне ерлер тарапынан алкогольді ішімдікке, ойын құмарлыққа салынушылар көп. Ішімдік араласқан жерде сенім де қалмайды.

## МӘМІЛЕГЕ КЕЛУДЕН ЕШКІМ ҰТЫЛМАЙДЫ

Салауатты өмір салтын бүкіл отбасына насихаттап, ұл-қызының болашағы үшін жағымсыз әдеттерден өзін тыйғандар да бар. Солардың қатарын көбейту бүгінде үлкен мәселеге айналды. Өркениетті қоғам құруға бет бұруда мемлекетіміз үшін әрбір отбасының рөлі зор. Сондықтан, ерлі-зайыптылар кез келген мәселеде балалары үшін ортақ мәмілеге келуге тиіс және әрқайсысы өзінің әкелік, аналық міндеттеріне салғырттық танытпауы керек. Мысалы, республика соттарында ерлі-зайыптылардың арасындағы заңды некені бұзу, дүние-мүлікті бөлу, бала тәрбиесі, алимент және тағы басқа да мәселелерге қатысты түсіп жатқан азаматтық істер саны

артуда. Сотқа ерлі-зайыптылардың бірінен жоғарыда аталған мәселелер бойынша талап арызы түскеннен кейін татуластырушы судья он жұмыс күні ішінде бітімгершілік процедураларын өткізеді. «Бірлігі бардың – тірлігі бар» деп бабаларымыз айтқандай, соттар әрқашанда ерлі-зайыптылардың бірлігін сақтауға, сол арқылы тірліктерін одан әрі жалғастырып кетулеріне мүдделілік танытады.

Райларынан қайтып, шаңырақтарың қайта түзесе, нұр үстіне нұр, ондай отбасында балаларының болашағы жарқын болады. Медиацияның бүгінгі таңдағы елеулі игілігі де осы. Азаматтық процестің заңнамаға енгізілген жаңа нормаларда даудың сотқа дейін немесе сотта реттелуін көздейді. Заңдағы түзетулер тұлғалардың арасындағы дауларды екі жаққа да тиімді етіп шешуге, жанжалдың алдын алуға бағытталған. Бұл жағдайда сотқа дейінгі хаттама жасалып, онда тараптардың дауды реттеуге байланысты ұсыныстары мен дәлелдері көр-

сетіледі. Татуластырушы судья тараптардың әрқайсысына қатысты бейтарап позицияны ұстана отырып, олардың дауды өзара реттеуіне жәрдемдеседі. Заң талабына сай, тараптар бітімгерлік процедурасын таңдауға құқылы.

Татуластыру рәсімдері – олардың ортақ келісімге келулерімен дауға соңғы нүкте қоюдың алғышарты. Ал, сот шешімінде екі тараптың бірі ғана риза болады. Себебі, сотта бір тарап міндетті түрде жеңіліс табады. Медиациялық келісімде ұтқан немесе ұтылған жақ болмайды. Тараптардың екеуі де өздерін қанағаттандыратын шешімге қол жеткізеді. Осы себепті, бұл жерде судья дауласушыларды бітімгершілікке үндейді. Тараптардың құқықтары жан-жақты түсіндіріліп, дауды сотқа дейін реттеудің өздері үшін тиімді екенін саралап береді. Қай жағынан алғанда да медиациялық процесс ең алдымен соттың және тараптардың уақытын, қаржысын үнемдейді. Бұл дауласушылар үшін де, сот үшін де тиімді. Тараптар басы артық шығындардан арылады. Денсаулықтары сақталады. Олай дейтініміз, татуластыру рәсімдері арқылы шешімін тапқан іс бойынша төленген мемлекеттік баж салығы тараптарға қайтарылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушілік соңы ажырасуға әкеледі. Ал, түсініспеушіліктің өзі көбінесе ұсақ нәрседен басталады. Олардың менмендік пен жиналған өкпелерін сыртқа шығарудың кесірінен бір-біріне деген үлкен реніштерінен балалардың мүддесі аяқасты болады. Соның салдарынан балалар психологиялық, моральдық тұрғыда азап шегіп, күйзеліске ұшырайды. Сондықтан отбасының ынтымақтығын сақтауға, балалардың болашағын жарқын етуге ерлі-зайыптылар бірдей күш салуға тиіс. Отбасының тұтастығы қоғам мен мемлекет үшін алдыңғы орында.

**Г.МҰРАТҚЫЗЫ,  
Бәйдібек аудандық  
сотының кеңсе меңгерушісі  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

ҚЫЗМЕТ

## БЕРЕШЕГІН ҚАЙТАРАМЫН ДЕГЕНДЕРГЕ МҮМКІНДІК МОЛ



**Бижан ҒАЛЫМЖАН,  
Алматы облысының  
жеке сот орындаушысы**

Сот актілерін орындау оңай шаруа емес. Азаматтар кез келген берешегін, мемлекет пайдасына өндірілетін қаражатты беруге мүлде құлықсыз. Әсіресе, жылжитын, жылжымайтын мүлігін кепілге қойып несие, қарыз алғандар жеке сот шешімін орындауға келген қас жауынды көріп, қарсылық көрсетеді, қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Бұған дейін республика көлемінде қаншама әріптесіміз осындай өз қателігіне өзгелерді кінәлап, күш қолданған азаматтардан зардап шеккеніне көпшілік куә. Соның ішінде жеке сот орындаушы қызметін атқарып жүрген қыз-келіншектердің қауіпсіздігіне алаңдамау мүмкін емес.

Шындығына келгенде біздің басты міндетіміз – соттың заңды шешімін орындау ғана. Осы мемлекеттік мөрі бар бір парақ заңды құжат өндірісімізге түсіп, қолымызға тигеннен кейін біздің іс-әрекетіміз

оны уақытылы, сапалы орындауға бағыталады. Ал өз ұл-қызына алимент төлеуден қашып жүрген азаматтарға өз берешектерін қайтарудың өте қиын екенін қарапайым жұрт түсінсе екен. Бір сот актісін орындату үшін ауқымды жұмыс жүргізіледі. Берешегі бар адамға хабарласу, құқықтарын түсіндіру, қарызын қайтарудың тетіктерімен таныстыру, сот актісін орындамаған жағдайда қандай құқықтық шаралар қабылданатынын ескерту біраз уақыт алады.

Жолдаған хабарламадан кейін бірден жауап беріп, қазіргі материалдық, әлеуметтік жағдайының қиындығын айтып, қарызын қайтаруға талпынған азаматтардың мәселелерін жеке сот орындаушылар да түсінуге, заң шеңберінде қолдау көрсетуге тырысады. Мәселен, өңірімізде алиментін төлей алмай, берешегін бере алмай жүрген азаматтардың кейбірі жұмыссыз екенін алға тартып жатады. Бүгінгідей нарықтық заманда арнайы мандандығы жоқ азаматтар тұрмақ, қос-қос дипломы бар, еңбек өтілі жоғары жандардың да үнемі жұмыспен қамтылатынына кепілдік жоқ. Сондықтан жеке сот орындаушылар жергілікті әкімдіктермен, жұмыспен қамту орталықтарымен, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлермен үнемі байланыста болып, осы құрылымдар бірлесіп ұйымдастырған «Бос орындар жәрмеңкесіне» белсенді қатысады. Мұндай жәрмеңкелер талай жұмыссыз азаматтың тұрақты немесе уақытша жұмысқа орналасып, берешегін қайтаруына көмегін тигізіп жатыр.

Ал не жұмысқа тұруға ниет етпей, не қарызын қайтаруға ынта танытпайтын борышкерлерге заңдық тұрғыдан мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

### ӘРТҮРЛІ

4. «Актив Gold ломбард» ЖШС, БСН 191240026634, заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 41 үй, 114 үй-жай. Тел. 87064100877.

11. Қостанай облысының Ұзынкөл аудандық сотына Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Киров ауылдық округі, Ксеневка ауылы мекенжайында тұратын Светлана Николаевна Пожидаевадан 1988 жылы 10 мамырда туған азамат Дмитрий Иванович Перуновты, Берхнее-Сыроватка ауылы, Сума облысы, Украина тумасын қайтыс болды деп жариялау туралы өтініш келіп түсті. Соңғы белгілі болған жері: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Киров ауылдық округі, Ксеневка ауылы. Дмитрий Иванович Перуновтың орналасқан жері туралы мәліметтері бар адамдарға Қостанай облысы, Ұзынкөл аудандық сотына хабарлау туралы өтініш, заңды мекенжайы: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Мүсірепов көшесі, 27 үй, телефоны: 8 (71444) 21661, электронды адрес: 714-3910@sud.kz өтініш жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарласуларыңызды сұраймыз.

14. Жетісу облысының Талдықорған қалалық соты «Айналайын» қиын өмір жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» КММ-нің Торвик Татьяна Анатольевна хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғайды. Торвик Татьяна Анатольевна туралы қандай да ақпарат болған жағдайда Жетісу облысының Талдықорған қалалық сотына мына байланыс телефондары арқылы хабарласуды сұраймыз: 8(7282)246870, 87478189623, 87083975977.

### МҰРАГЕРЛІК

9. 26.11.2022 ж. қайтыс болған Стамқұлов Марат Сейсембайұлының; 09.05.2019 ж. қайтыс болған Оразбеков Гани Адамбековичтің және 30.04.2023 ж. қайтыс болған Турсункулова Кулнар Темирбаевнаның аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлерінің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайда орналасқан. Тел.: 87718175589.

10. 21.11.2022 жылы қайтыс болған Китанбаев Бектас Толысбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе

мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

12. 18 желтоқсан 2022 жылы қайтыс болған азамат Жумаев Ниязбай Елеусиновичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

### ТАРАТУ

5. Пәтер иелерінің кооперативі «Элит» ұйымы, БСН 121240015478, мекенжайы: инд. 040700, Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Іле ауданы, Энергетикалық ауылдық округі, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 6А үй, 4 пәтер, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 6А үй. Тел.: 87479676874.

6. «Food House & Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 070540003490, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Түркістан ауданы, Заветная көшесі, 55А үй. Тел.: 87012449199.

7. «Centre 2021» ЖШС (БСН 210640025822) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ұлытау обл., Сәтбаев қ., Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, құрылыс 108А.

8. «Ханша-2016» ЖШС, БСН 160940001051 (Ақтау қаласы, 9 шағынауданы, 9-үй, 78-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 14 шағынаудан, 16 үй, 9-пәтер. Тел.: 87079798236.

13. «Royal Consulting Club» ЖШС, БСН 140440015694, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 9-үй, 97-пәтер, тел.: 87774705055.

15. Ұйым: «Благотворительный фонд «Десять к Одному», Жеке қоры: БСН/БЖН 180540038228, таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, 6 үй, 41 пәтер, тел.: 87057955379.

16. «Ulenta» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. БСН 191140028290, өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Өлеңті ауылы, Байтерек көшесі, 7 үй, 1 пәтер.

17. №2 жалғыз қатысушының шешімімен С.В. Маликова 2023 жылы 15 мамырдан «Луч-Ломбард» ЖШС (БСН 191240020080) ломбард ретінде қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады.

Астана қалалық сотының ұжымы және Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Астана қалалық филиалы Астана қалалық сотының судьясы Әбдіғалиева Гульнара Аманжолқызына

#### аяулы анасының

меңгірсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қалалық сотының ұжымы және Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Астана қалалық филиалы сот жүйесінің ардагері Болатова Роза Ғазизқызына жолдасы **Өсербаев Мәдіхан Досанұлының** өмірден озуына байланысты туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

**БАЙҚАУҒА**

...алғашында темекі мен арақтың иісі қоса бұрқырап, қолқасын қауып, жүрегі айнығанымен сәлден соң Иринаның оған мән беретін мұршасы болмай қалды. Тіпті, ол өліп қалған адамдай сұлық жатыр. Жаны тәнінен ажырап кеткендей, өзінің бейшара халін, өзінің сорлы бейнесін сыртынан көріп тұрғандай күйде. Үстінен итендеп жатқан нақұрыспен мүлдем ісі жоқ, көздері түнгі аспанға қадалып қалған. Жұлдыздар да бұған күлімдеп... жоқ, күлімдеп емес, күлкі етіп қарайтындай.

Намыстан өртеніп, түн жамылып келіп тарпа бас салған малғұнның мазағына қорланып жатқан бойжеткен өзінің болашағына қатысты байламын осы сәт жасап та қойған еді. Бет-аузын тұмшалап алған еркек көргенсіз тірлігін бітірген соң көп ұзамай тұрып кете берді. Шалбарын жүре киіп, қылмыс орнынан тезірек тайып тұрғысы келгендей, аяғы-аяғына шалынып, бір-екі рет құлап та тұрды. Жүріс-тұрысы таныс сияқты көрінді. Алайда, оны ойлап, кім еді деп бас қатыруға бейшара қыздың зауқы да болмады. Әлгі доңыз сәлден соң қара түнекке сіңіп, көзден ғайып болды.

Ирина құр сұлдерін зорға көтерді. Көйлегінің жұлым-жұлымы шығып жыртылған омырауын жауып, етегін түсірді. Оң аяғының басына оралып қалған колготкасын шешіп алды. «Үйге барудың, біреуге мұң шағудың қажеті жоқ. Көзімше мүсіркегенімнен, сыртымнан сөз қылары анық кімкімнің де. Одан да осы жерде қала берейін» деп түйді ол. Өзі жаңа ғана қорланған жердегі теректің бір бұтағына колготкасының бір шетін байлап, екінші жағын мойнына орады да, тізерлеп отыра кетті...

\*\*\*

Қаланың қақ ортасындағы саябақта жауу жолдан сәл қиыстау жерде қыз баланың асылып тұрған денесін таңертең бақты сыпырып жүрген Афанасий тауып алды. Толқынды шаштары бетін жауып, тізерлеп отырған адамды көргенде көпті көрген Апанас шалдың шошып қалғаны рас еді. Баяу жақындап келіп, сыпыртының ұзын сабымен түртіп көрген. Қозғалмады. Сосын барып теректің бұтағы мен қыздың желке тұсын жалғап тұрған жіпті көріп, мән-жайды түсінді. Дереву полицияға хабар беріп, оқиға орнына жан баласын жақындатпай қорып отырды.

\*\*\*

Таңмен таласа безек қаққан телефон шырылынан подполковник Әлихан Маханбетұлы шошып ояны. Өйткені, тергеу бөліміне басшы болғанға дейін талайды көрген кәнігі маман ерте соғылған қоңырау қуанышты хабар жеткізбейтінін жақсы білетін. Жанында жатқан жұбайы оянып кетпесін деген оймен телефонды жедел көтеріп, құлағына тосты...

– Тыңдап тұрмын!  
– Подполковник мырза, кезекші бөлімнен Қанатов хабарласып тұрған. Орталықтағы бақтан бір қыз баланың денесі табылды. Асылып қалған дейді.

– Ммм, жақсы. Маған машина жіберші.

– Кезекші бөлімдегі жігіттерге айтып қойдым. Сіздің үй жақта жүрген біреуі ендігі барып та қалған шығар.

– Рақмет. Айтпақшы оперлар кетті ме? Бүгін кезекші кім еді?

– Иә, бәріне хабар берілді. Марат Нұрышев кезекші еді, ол оқиға орнында қазір.

– Криминалистер ше?  
– Бәрі бірге кеткен.  
– Жақсы.  
Телефон тұтқасын қойған Әлихан

тездетіп жуынып алып, есік алдына шықса кезекшілікте жүрген жігіттер темекі шегіп, күтіп тұр екен. Подполковникке ізет білдіріп, сымдай тартылып тұра қалды. Әлихан басын изеп амандасты да, асығыс келіп көлікке отырды. Патрульдің жігіттері де дереу машинаға отырып, орталық баққа қарай жүйіткі жөнелді.

Оқиға орнына келсе тергеуші Серік Балмағамбетов, жедел уәкіл Марат Нұрышев пен криминалистер қызды шешіп алып, жатқызып, бетін жауып қойыпты. Криминалистер жұмыстарын бітіріп қалғанға ұқсайды, қобдишаларын жинап жатыр екен. Бақтың ішіндегі тірек бөлімінде отыратын полиция қызметкері алдымен

\*\*\*

Кабинетке келіп шай қойып, сөреде тұрған үш папканы қолына алды. Бұл соңғы екі айда болған қылмыстық оқиғалардың материалдары. Қалада бір оңбаған пайда болған сияқты. Осыған дейін де қыздар зорланып, күдікті анықталмай келеді. Басшылық та қылмысты аша алмай жатсыңдар деп тергеу бөліміне қырын қарай бастаған болатын. Енді, зорланған қыздың өлімі туралы деректі естігенде бұлардың басынан сипай қоймасы белгілі...

– Кіруге бола ма екен?

Әлихан Маханбетұлы өз ойымен арпалысып, алдындағы қағаздарды ақтарып отырып, уақыттың қалай өтіп кеткенін аңғармай қалыпты. Шәйнегі қайнап, суып та қалған

\*\*\*

Шағын ғана терезеден түскен сәуледен бөлме іші қаракөлеңке болып тұр. Терезедегі тор Сергейдің көңіліне үрей ұялатып, дег-бірін қашыра бастады. Тергеушінің мұның жанына жаққанымен, қолындағы дойырман санын сабалап, өзіне кіжіне қарап отырған жедел уәкілдің сұсты жүзінен мұның шыбын жаны шырқырап барады. Түнімен ішкен арақтың уытынан ба, әлде, сүйіктісінің өлгені туралы суыт хабардан ба, белгісіз, басы мең-зең болып, мазасы болмай отыр.

– Сонымен, Сергеға, сен бұл қылмысқа мастықпен бардың, өзіңнің не істеп, не қойғаныңды білмей қалдың ғой, солай ма? Сен қолыңмен істе-

анықтап береді. Марқұмның бойынан алынған ұрық саған тән болса біттім дей бер. Онда өмірбақи түрмеде шірісің!

Әлихан Маханбетұлының, «Марат, бұл іспен өзің айналыс» – деген бұйрығын орындауға ынта-шын-тасымен кіріскен Марат Сергейді қыспаққа ала бастады. Кезінде кеңінен қолданылған бұл тәсілдің қазір қауіпті екенін жақсы білетін тергеуші Маратты әзер дегенде сабасына түсірді. Құдай сақтасын, айыпты бұл болмай шығып, ертең үстерінен арыз жазатын болса бастары пәлеге қалады. Құр жұмыстан шығарып жіберсе жақсы. «Жазықсыз адамды айыптап, ұрып-соғып, азаптады» деп соттап жіберуден де тайынбайды бүгінде.

– Сергей, сен түсің, барлық дәлел саған қарсы келіп тұр. Егер шындықты айтып, қылмысыңды мойындамасаң, мен саған жақсылық жасай алмаймын. Ал, жағдайдың қалай болғанын өзің баяндап берсең жазаңды жеңілдетуге бар күшімді саламын және мыналардың да қолына бермеймін, – деп Маратты нұсқады.

Қайта-қайта соққы жеп, әбден зәрезап болған Сергей басын қорғаштап, Мараттың әр қимылын бағып отыр. Бастың ауырғаны ұмыт болып, дойыр тиген жерлер дуылдап барады. Бүйрек тұсынан тиген соққы жанына қатты батып тұр. Оң жақ бүйрегі солқ-солқ етіп, үзіліп бара жатқандай. Алара қараған Мараттың көзінен жанарын алып қашып, лейтенантқа жалынышты жүзбен қарады да, басын изеді. Бұлтара бергенмен опа таппасын түсінген сияқты...

\*\*\*

– Рұқсат па екен?  
– Аааа, Марат, кел. Өзім де саған хабарласайын деп жатыр едім. Баскең тулап жатыр. Үш күн ішінде қылмыскерді таппасаң куәлігіңді тапсыр, – деді. – Так что, жағдай мээ емес... Не болды, көңіліңіңіз ғой?

– Әлихан Маханбетұлы, еш уайым-дамаңыз. Сергей мойындап жатыр. Бақта асылып қалған қызды зорлап, өз-өзіне қол жұмсауға мәжбүрлеген сол екен. Қазір тергеушінің алдында сайрап отыр.

– Рас па?! Ойпырм-ай, мынау бір көптен бері естіген жақсы жаңалық болды ғой... Бірақ, Марат, шынымен сол ма екен, ол өз еркімен мойындады ма? Сенің қолыңа түскендер «Берлинді мен алдым» – деп те мойындай беруші еді. Солай болған жоқ па?

– Енді... өздігінен отыра қалып, бәрін жайып салды дей алмаймын, подполковник мырза. Бірақ, мән-жайды түсіндіріп, сөйлестім... Экспертаның мәліметтері келгенде бәрі анықталады, – деп едім, құтыла алмасын ұғынды ғой деймін, бәрін айтамын деді.

– Ммм, онда жақсы болған екен. Айтпақшы, сараптама қорытындысы қашан келеді? Күдіктіні апарып келдіңдер ме?

– Иә, Әлихан Маханбетұлы, бәрі заң бойынша істеліп жатыр. Еш уайымдамаңыз.

– Жақсы онда. Рақмет жақсы жаңалығыңа.

– Сау болыңыз, подполковник мырза.

\*\*\*

Басшылық берген мерзім таяған сайын Әлихан да тықырши бастады. Өзін қоярға жер таба алар емес. Тар кабинеттің ішінде ерсілі-қарсылы жүргеніне бір сағаттай болды. Не істесе болады?... Мына сарапшылар да уақытты созып жатыр. Жұмысқа келесі сараптама қорытындысы келді ме? – деп сұрайды. Кезекші басын шайқағанда мұның үміті ақталмай, еңсесі түсіп кетті.

**Талант ДОСБОЛҰЛЫ**  
(Жалғасы бар)



**ҚИЫС ЖОЛ**

екен, қайта қосып, есік аузында тұрған жедел уәкіл Маратқа кір деп ишарат білдірді.

– Жолдас подполковник, марқұмның телефонын ашып, ішіндегі жазбаларын қарап шықтың. Вот сапта Сергей дегенмен сөйлесіпті соңғы рет. Жігіті сияқты. Екеуі ренжіскен-ау деймін, бір-біріне ауыр сөздер айттың. Сергей тіпті, сен менікі боласың. Егер басқа біреуге кететін болсаң өлтіремін, – деп қоқан-лоқы жасапты...

– Кім екен ол, анықтадыңдар ма, мекенжайын білдіңдер ме? Подполковниктің көзінде үміт оты жарқ ете қалды. Не болса да басшылықтың ашыуы қайтарып, бүгінгі істі тезірек ашсақ жақсы болар еді.

– Иә, мекенжайын тауып, барып алып келдік. Түнімен тойлатқан сияқты. Есі кіресілі-шығасылы. Түнде ешқайда шыққаным жоқ, үйде арақ ішіп жаттым, – дейді. Бірақ, сөзін растайтын ешкім жоқ, бір өзі тұрады екен. Көршілерінен сұрап едік, кірген-шыққанын білмейміз, бірақ, түнгі 1-лер шамасында біреумен айқайлап сөйлесіп жатқан, – дейді.

– Жақсы... Марат, сен бүгін кезекші болдың, үйге барып демалғың келіп тұрған шығар, түсінемін. Бірақ, осы іспен өзің айналышы. Қазіргі жағдайды жақсы білесің. Мына қылмыстар да ашылған жоқ әлі. Мен манадан бері осы материалдарды түгел қарап шықтым. Негізі, ортақ байланыс бар сияқты көрінеді. Сот-медициналық сараптаманың анықтамасы да осыған дейінгі үш қылмыс бір адамның ісі деген еді. Бүгінгі де солай болып жүрмесін. Өзің қолға алшы, мен бастыққа барып, жағдайды баяндап келейін. Сендер Сергейді тергей беріңдер – деп, подполковник басқарма басысына баруға дайындала бастады.

– Жооқ, тергеуші мырза... – дей берген Сергейдің арқасына дойыр сарт ете түсті. Ту сыртынан тиген соққыдан оның онсыз да сынып отырған басы солқылдап кетті.

– Жап аузыңды! Сен кімді мазақ қылып отырсың?! Сүйем, күйем деп өтірік сөйлеп, тергеуді адастырғың келе ме?! Ісенің, тергеу бұл жалған жауабыңды түкке де қажеті жоқ. Бәрін де сот-медициналық сараптама

геніңді мойныңмен көтер. Айыбыңды мойындап, бәрін айтып берсең жазаң жеңілдейді – деп, тергеуші лейтенант тықақтап, қояр емес.

– Кешірсіз, Иришканы мен жаныман артық жақсы көремін. Мен мас болмақ түгілі, есім ауып қалса да оған мұндай қиянат жасауым мүмкін емес. Оның үстіне, мен кеше кеште де, түнде де пәтерімнен шыққан емеспін. Кешке Иришкаға хабарласып, жұмыстан кейін маған үйге келуін өтінгенмін. Ол бірақ бас тартты. Соған қатты ренжіп, сөзге келіп қалдық. Қызғаншақтығым қозып, ауыр сөздер айттым. Өзге біреуі бар шығар деген күмән санамды жаулап алды. Сосын жұмыстан шығып, үйге келе жатқанда бірінші қабаттағы дүкеннен екі-үш шөлмек сыра мен бір шипа арақ сатып алдым. Соны ішіп отырып, Иринаға телефон соқтым, екеуіміз тағы ренжістік. Ол маған «арағыңды қоймасаң, енді сенің үйіңе ешқашан келмеймін. Одан да дені дұрыс біреуді тауып алғаным артық» деді.

– Ооой, Сергеға, сен бұл сөздерді осымен үшінші рет айтып отырсың. Мынауың тұп-тура қылмыскерлердің айла-тәсілі. Тергеу кезінде осылай айтамын деп жаттап алған жалған сөзін үтір-нүктесіне дейін қайталай береді. Міне, тағы сол сарынға салып отырсың. Ең болмаса сөйлемдеріңнің орнын ауыстырып айтсаңшы.

– Жооқ, тергеуші мырза... – дей берген Сергейдің арқасына дойыр сарт ете түсті. Ту сыртынан тиген соққыдан оның онсыз да сынып отырған басы солқылдап кетті.

– Жап аузыңды! Сен кімді мазақ қылып отырсың?! Сүйем, күйем деп өтірік сөйлеп, тергеуді адастырғың келе ме?! Ісенің, тергеу бұл жалған жауабыңды түкке де қажеті жоқ. Бәрін де сот-медициналық сараптама

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағамбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6610 дана**  
**Апталық таралым 11 220 дана**  
Тапсырыс №74 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31